

## KUN TARTIBI

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ  
ҚАЛАЙ СОҒЫЛАДЫ?

2-бет

## AINA

АБЫРОЙ  
БИГІНДЕ

3-бет

## QOǴAM

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫ  
БАСТАЛЫП КЕТТІ

4-бет

## ÁLEÝMET

НАҰАТ ВАХ  
ҚАНДАЙ ВАКЦИНА?

5-бет

# ЕЛНІҢ ЕЛЕУМІ, ХАЛҚЫНА ҚАДІРМІ

## Сүтемген БҮКІРОВТІҢ есімі ұлықталды

Биыл «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, археограф, этнограф Сүтемген Бүкіровтің туғанына – 100 жыл. Ерен еңбекқорлығы мен толассыз ізденісінің арқасында «Музей ата» атанып, ардақталған өлкетанушы алғашқы еңбек жолын Жезқазған руднигіндегі № 2 мектепте пионер ұйымының аға жетекшісі болып бастайды. Оған әрі бұқаралық ақпарат құралдарында, өндіріс ошақтарында еңбек еткен ол 1969 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының тарихи-өндірістік музейінің негізін қалайды. Аталған шақырақты 1978 жылға дейін басқарған. Жезқазған облыстық тарихи-өлкетану музейі мен космополитика музейіне де жетекшілік етіп, сүбелі жұмыстар атқарды.



шағарға арнайы атбасын бұрған қонақтардың бірі Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев та Сүтемген Бүкіров жайлы жылы лебізін білдіріп, барша Жезқазған жұртына тау тұлғалы асқар азаматтың мерейтойымен құттықтады. – Тәуелсіздіктің 30 жылдық дүбірлі тойына орай ұйымдастырылып отырған бүгін

Өлке тарихын кеңінен зерттеп, ұрпағына өшпес мұра қалдырған Сүтемген Такабайұлының есімін мәңгі ел жадында қалдыру, оның өнегелі еңбек жолын, Ұлытау-Жезқазған жұртына сіңірген еңбегін паш ету мақсатында Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві 2003 жылдан бастап дәстүрлі түрде түрлі форматта «Бүкіров оқулары» өткізіп келеді. Тарих тұлғаның былығы 100 жылдық мерейтойына арналған «Өлкетану – Отан тарихының бастауы» деп аталатын республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның тарихшы ғалымдар мен өлкетанушыларға, сондай-ақ, барша жиылған жұртшылыққа берері мол болғаны рас.

Еліміздің түпкір-түпкірінен жылған сыйлы қонақтардың алғашқы бас сұққан орны Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залы болды. XVIII «Бүкіров оқулары» аясында ұйымдастырылған «Ұлт мұрасын ұлықтаушы» тақырыбындағы көрменің ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова Сүтемген Такабайұлы мен жары Шәруза апамыз, олардың арасындағы жарасымды сыйластық пен ізгі құрмет жайындағы жарқын естеліктерімен бөлісті.

Бүкіров оқулары үшін мысты



шара туған өлке тарихын зерттеп, Ұлытау-Жезқазған аймағында өшпес ізін қалдырған Сүтемген Бүкіровтің 100 жылдығына арналып отырғаны көңілімізді қуантады. Ол туған өлкесінің бай мұрасын жинақтаушы, музей ісінің негізін қалаушы, қарымды қалагер, белгілі өлкетанушы, тарихи, мәдени-архитектуралық ескерткіштердің қорғаушысы бола білді. Ұлы Отан соғысында опат болған боздақтар мен дерексіз жоғалған майдангерлер туралы да зерттеу жүргізіп, олардың өмірі, ерлігі туралы тың ақпараттарымен бөлісті. Соның нәтижесінде қаншама адам хабарсыз кеткен жақындары жайлы, олардың қаза тапқан, сүйегі

сын ұлықтаушы» атты тарихи-танымдық көрменің салтанатты ашылу лентасын қиды. Жылған жұртшылыққа ерекше әсер қалдырған туындылардың бірі – Әшмұхан Жанпейісовтің «Ғасыр атаға – бір ғасыр» деректі фильмі. Аталған туындыда Қазақстанның мемлекеттік қайраткері Әлихан Байменов, қоғам қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Қожамсейітов, Қазақстанның Құрметті журналисі Аманжол Рахұлы және отбасы мүшелері мен көзін көрген жолдастары Сүтемген Такабайұлы туралы құнды естеліктерімен бөліскен.

►► 4-бетте

## 21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазіргі заманғы әлемде еліміздің берік мәдени тұғырсыз экономикалық және саяси табыстары болуы ақылға сыйымсыз. Планетаның 30 лайықты ұлтының біріне айналу үшін, бәрінен бұрын, XXI ғасырда ең танымал мәдениеттің қатарында болу керек. Біз Қазақстанның әлемдік «Жазар мәдениет қоғамының» үш ондығы шоғырына енуін қамтамасыз етуге тиіспіз», – деп атап көрсетті. Бүгінде осынау аталы сөз мәдениет пен өнер саласында қызмет етіп жүрген кәсіби мамандардың ұстанымына айналды.



# РУХАНИ САЛАДА – ІРІ ЖОБАЛАР

Қаламыздағы мәдениет және өнер мекемелерінің ең басты мақсаты – кенді қала халқының рухани және эстетикалық сұраныстарына сай сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсету. Жезқазған қаласының мәдениет және өнер саласының инфрақұрылымы 22 нысанды құрайды. Әлемді алаңдатқан індет салдарына байланысты биыл көпшілік-бұқаралық жиындардың біразы онлайн форматқа ауыстырылды. Наурыз мейрамына арналған кең көлемді композиция «Наурыз-ду-ман» атты телевизиялық жоба онлайн форматта әзірленіп қала халқының назарына ұсынылды. Мемлекеттік және кәсіби мерекелік күндеріне арналған онлайн-концерттер легі өтті. Сонымен қатар, күйші, композитор Дина Нүрпейісованың туғанына 160 жыл, қазақтың дауылаз ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл, халық ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған онлайн-концерт ұйымдастырылып, көрермендер көңіліне жол тапты.

Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясы әншілерінің қатысуымен Қарағанды қаласының телерадиосында 5 концерттік бағдарлама жазылды. Ол концерттік бағдарламаларда Т.Қалмағамбетовке, Ж.Сейітқожа арналған, жергілікті композиторлардың шығармалары (М.Түсіпбеков, Е.Сартов, Ш.Ділделбаев, Н.Барменбаеваның) әндері жазылды. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің ау-

реаты «Алтын Орда» фольклорлық ансамблінің онлайн-концерті қойылды. Индетпен күрес жағдайындағы шаралар мәдениет пен өнер саласының жұмысы мен оның жетістіктеріне кері әсерін тигізсе алған жоқ. Жер жүзін жайлаған пандемия бізге ұстамды, төзімді, әр нәрсенің парқын білуді үйретті дей аламыз. Өнер саласының қызметкерлері онлайн форматтағы іс-шараларға қатысуға тез бейімделіп ғана қоймай, нәтижелі көрсеткіштерге де қол жеткізді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сарыарқаның жаңа есімдері» атты облыстық байқауында «Ақ әжелер» ансамблі және «Шалқыма» би ансамблі жүлделі III орынға ие болды. «Диндалле» ансамблінің мүшесі Ким Анна ұлттық билен онлайн «International online music and dance competition «Bosphozns festival»» атты конкурста қатысып, Гран-Приге ие болды және халықаралық «Таланты Қазақстан» конкурс-фестивалінде I орынға еншіледі.

Наурыз айында мәдени-сауық орталықтары мен мәдениет үйлері арасында өткен облыстық «Наурыз көркі – ақ бата» атты бата беру онлайн фестивалінде Халықтар достығы мен мәдениеті үйі «Ас батасы» туралы қойылым көрсетіп, «Үздік қойылым» номинациясын жеңіп алды. «Шашу» халықтық би ансамблінің ересек топ мүшелері республикалық «Дарынды дарбоз» атты балалар онлайн-байқауында

Бас жүлде және орта топ бишілері I орынды иеленді. Ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған халықаралық «Жырлайды жүрек» атты жыр байқауына Кенгір ауыл клубының өнерпаздары қатысып, жүлделі I орынды иеленді. «Қарағанды – достық пен бірліктің мекені» атты облыстық шығармашылық жобасына этномәдени бірлестіктер және ХДМУ-нің көркемөнерпаздар ұжымы қатысты. Мерекеге арнайы бейнефильм әзірленіп, жергілікті «Дидар», Қарағанды қаласының «Сарыарқа» телеарналарынан көрсетілді. Облыстық «Жеңіс салоти» XXX фестивалінде «Жезқазған маржандары» ардагерлер хор ұжымы өнер көрсетті. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тұңғыры» атты облыстық патриоттық әндердің балалар фестиваліне жезқазғандық 3 өңін қатысып, дипломат атанды. Биылғы жыл еліміз үшін бірқатар айтулы оқиғаларға толы жыл болмақ. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл, Алаш көсемі Ә.Бөкейхановтың туғанына 155 жыл, Қ.Аманжоловтың туғанына 110 жыл, Б.Тұғышев пен М.Иманжановтың туғанына 105 жыл, ақын ақын М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілуде.

►► 3-бетте

## МЕРЕЙТОЙ

# ЖҮЗ ЖАСАҒАН «ЖАС АЛАШ»

## газетінің мерейтойы Жезқазғанда атап өтілді

Орталық Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі, Коммунистік жастар интернационалының қайраткері Ғани Мұратбаев 1921 жылы 21 наурызда негізін қалаған «Жас Алаш» газетіне биыл – 100 жыл. Сол кезеңнен бүгінге дейінгі ғасыр көшінде қазақ халқының қамын жеп, ұлт мүддесі үшін қызмет етуден танып келе жатқан «Жас Алаш» газеті – кез келген көзі қарақты, ойы терең қазақ оқырманы ізден жүйріп оқитын алдыңғы қатарлы басылымдардың бірі. Саяси соқпағы мол уақыт кезінде 1924-25 жылдары «Лениншіл жас», 1926-27 жылдары «Жас қайрат» деген атаулармен жарық көрген газет кейіннен мол атауын қайтарды. Қарағанды облыстық мәжіліс депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі, меценат Бекзат Алымыбековтің шақыруымен 100 жылдық уәзірлі мерейтойын қарсы алып отырған газеттің бүгінгі директоры Ринат Рахымов, бас редакторы Қайрат Матриков, орынбасарлары Сейсен Әмірбекұлы мен Алімас Нүсіп, жауапты хатшы Нұржан Мауытов және саясаттанушы Дос Қошм Жезқазған-Ұлытау аймағына атбасын бұрды.



Әкімдік ғимаратында қонақтарды қарсы алған қала әкімі Қайрат Әбсәттаров пен бір топ жезқазғандық зиялы қауым өкілдері баспасөз тарихы, оның мақсат, міндеті, бүгінгі қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының жай-күйі, сөз еркіндігі, ой бостандығы тақырыптарында кенінен сөз өрбітті. – 100 жылдық мерейтой қарсаңында газетіміздің негізін салушы Ғани Мұратбаевтың туған жері Қызылорда облысы, Қазалы ауданына барып, арнайы іс-шаралар ұйымдастырдық. Газеттің кезекті нөмірін Қызылордадан шығарып, республика аумағына жөнелттік. Сыр өңірінің 6 ауданына барып, өз оқырмандарымызбен жүздесіп, пікір алмастық. Қазіргі таңда «Жас Алаш» газеті 12 000 таралыммен шығады. Жасыратыны жоқ, жыл сайын газет тиражы азайып келеді. Бұған пандемия да айтарлықтай әсер етті. Айтпаса екі рет – сейсенбі және жейсенбі күні шығатын газетіміздің әрбір

санында оқырманға ой салар пайдалы дүниелер жариялануы үшін барымызды саламыз. Қазір болған оқиға материалды баспаханаларға жіберіліп, республика бойынша белгіленген жерге жетем дегенше көнеріп қалады. Соған сай жылдам әрі нақты ақпарат беру мақсатында газеттің электронды нұсқасын да ұсынып отырмыз, – деген газеттің бас редакторы Қайрат Матреков алдағы уақытта Орал, Түркістан өңірлеріне барып, оқырмандармен жүздесу жоспары барын жеткізді. – Кешегі газет пен бүгінгі газетті салыстыруға болмайтыны рас. Оқырман саны азайғаны, соған сай қаржы ташылығы туындайтыны да белгілі. Дегенмен, «Жас Алаш» ұлттық тәрбиелеуші қозғаушы күш ретіндегі бейнесінен, ағалар салған бастапқы арнасынан жанылған жоқ. Мен сол үшін де өзімізін сыни, сараптамалық мақалаларымыз «Жас Алаш» бетіне жариялаймын. Газетте мықты-мықты жігіттер жү-

мыс істеп жатыр. Олар алғашқы сара жолды жалған келе жатыр. Қазақстандық БАҚ-қа еркіндік, сөз бостандығы керек. Мен өз мақалаларымды «Жас Алашқа» жариялағаннан кейін алаңсыз отырамын. Онда менің әр сөзімнің бір әрпі өзгертілмей, сол қалпында беріледі. Жастардың сөзі анық, көкірек көздері ояу болғанды ғана еліміз түзеледі. Осындай жастар барына, еліміздің ертеңі бұдан да жарқын боларына сенемін, – деді Дос Қошм. Негізгі мақсаттары аймақтағы тарихи орындармен кенірек танысып, алдағы уақытта Жезқазған-Ұлытау аймағы жайында танымдық материал дайындау екенін алға тартқан газет ұжымы № 8 қазақ гимназиясы мен Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне барды. Аймақ тынысымен танысқан олар сапарын Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында жалғастырды.

Ақшмет ТАҒЫБЕРГЕН

## КҮЗДЕ – ХАЛЫҚ САНАҒЫ

2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында Қазақстанда жалғызұлттық халық санағы өтеді. Санақ «Қазақстанда әркім маңызды! В Казахстане каждый важен!» ұраны аясында ұйымдастырылады. Ұлттық статистика бюросы санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу 2021 жылдың Ұлттық санағының басты жаңалығы болады деп хабарлайды. Биыл азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылуда.



1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz арнайы сайты жұмысын бастайды, мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұраққа жауап бере алады. Дәстүрлі жалпы аралау 1-30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Дәстүрлі кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ интервьюерлер үшін қолайлы етіп, олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәлімет жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталанбауына мүмкіндік береді.

►► 5-бетте

## СЕССИЯ

### ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ ШАҚЫРЫЛАДЫ

VII шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының кезекті VII сессиясы 2021 жылдың 4 маусымында әкімдік пен мәслихаттың Үлкен залында /10 қабат/ сағат 15.00-де мына күн тәртібімен шақырылады: 1. Қалалық бюджеттің 2020 жылғы орындалысы жөніндегі есебі 2. Ауылдық округтер бюджетінің 2020 жылғы атқарылуы туралы есебі

3. Әр түрлі мәселелер Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялар отырысы 2021 жылдың 3 маусымында әкімдік пен мәслихаттың жиналысында сағат 15.00-де өтеді.

Сессия төрағасы Ш. ИБРАЕВ  
Қалалық мәслихаттың хатшысы Ә. ДОСАНОВ

БӘРЕКЕЛДІ!

«АЛТЫН ҚОБЫЗ» ИЕЛЕНДІ

Облыс орталығынан ақжолтай хабар жетті. Жыл сайын мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында тазайыдалатын Қарағанды облысы әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығы иегері атанған мәдениет мейрамдарының қатарында жезқазғандықтар да бар.



Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова мен Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №5 Кенгір селолық үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі Назира Смағұлова облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің қолынан лайықты марапатын алды. Ата-бабадан қалған ұлттық құндылықтарды, бай мұраларды көзінің қарашығындай сақтап қана қоймай, насихаттап жүрген Раушан Оңқонысқызына «Үздік музей қызметкері» номинациясы бұйырса, рухани қазына-ның шырақшысы Назира Тлеубайқызы «Ауылдың үздік кітапханашысы» атады.

Халқымыздың рухани байлығын, ұлттық өнерімізді насихаттап жүрген Раушан Қапарова мен Назира Смағұлованы төл мерекемен қатар келген жоғары марапатпен құттықтаймыз!

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН

Еліміздің түпкір-түпкірінде өзі қалаған жұмысымен айналысып, сонымен қоса ел алғысын иеленіп, бйік белестерге жетіп жүрген жастарымызды қолдап, ел назарына ұсыну мақсаты еткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы 2017 жылдан бастап Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен іске асырылған болатын.



Алғашқы жылы республика бойынша 2000-нан аса өтініш түскен болатын. Олардың 102-сі озат деп танылып, жеңімпаз атанды. Содан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отыратын аталған жобаға қатысушылардың саны да жыл сайын артып келеді. Биыл «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына 3000-ға жуық өтініш келіп түскен. Олардың ішінен ең мықты деген 30 жас іріктеліп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атану бақытына ие болды.

Биылғы жеңімпаздар қатарында Қарағанды облысынан 6 жас бар. Солардың бірі – Даниель Диль. 1996 жылы дүниеге есігін ашқан Даниель орта білімді, жастайынан спортқа жаны құмар азамат. Ол – спорттық акробатикадан спорт шебері. 2017 жылы Бельгияда, 2018 жылы Әзірбайжанда өткен әлем чемпионатында қола жүлдені иеленген ол, 2019 жылы АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен дүбірлі додада еліміздің қоржынына алтын медальді салып, Көк Туымызды биікке желбіретті. Дәл осы жылы Азия чемпионы атағын да жеңіп алды.

2018 жылы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын, «Жылдың жас еңбек адамы» номинациясының иегері атанған ол «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасында достары мен ақылшы аға-опкелерінің ұсынысымен бақ сынап көргенді жөн санаған. Барлық қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысқанды жөн санайтын Даниель жобадан дара шыққан 30 жастың қатарынан орын аламын деп ойламаған. Дегенмен, халықтың қолдауы мен әділқазылар шешіміне сәйкес оза шыққан ол аталған жобаны ұйымдастырушылар мен барынша қолдау көрсеткен жерлеріне және отандастарына шексіз алғысын білдірді.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ ҚАЛАЙ СОҒЫЛАДЫ?

25 мамырда жезқазғандық 540 түлек үшін соңғы қоңырау соғылады. 2020-2021 оқу жылында біздің мектептерден 32 Алтын белгіге үміткер, 24 үздік аттестат иегері түлек.

Пандемияға қарамастан алғашқы оқу жылын мектепте дәстүрлі түрде бастаған 1807 шәкірт 1-сыныпты томамдайды. Дегенмен, соңғы қоңырау рәсіміне тек мектеп бітіруші 9,11-сынып оқушылары ғана қатысады. Салтанатты жиын санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, мектеп ауласында таза ауада өткізіледі. Мектеп ғимараты мен аумағында қауіпсіздікті сақтау мақсатында жолақты белгілер салынады, іс-шараға мектеп бітіруші түлектің бір ғана ата-анасы қатыса алады. Маска режимі мен 1,5 метр әлеуметтік қашықтық та қатаң сақталады.

Мектеп бітірушілер үшін қорытынды аттестаттауы да карантин талаптарына сай өткізіледі. Мемлекеттік емтихандарды 9-сыныптың білім алушылары 28 мамыр – 5 маусым, 11-сынып оқушылары 1-10 маусым аралығында тапсырады. Қорытынды аттестаттау аяқталған соң, мектеп бітіруші түлектер үшін орта білім туралы аттестаттар табыстау шарасы «Туәлсіздік ұландары» тақырыбында 2021 жылдың 12 мен 14 маусым аралығында ұйымдастырылады. Салтанатты шара ашық аспан астында өтеді деп жоспарланған.

Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім оққылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін 2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында жазғы мектеп ұйымдастырылады. Қазіргі таңда білім бөліміне қарасты мектептерге 1953 оқушының ата-анасынан өтініш түскен. Жазғы мектепке 331 мұғалім мен 19 волонтер жұмылдырылған.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Жезқазған қаласы мектептерінде 1-11 сыныпта оқитын оқушылар саны – 15006, 1-4 сыныптарда 7140 оқушы, 5-9 сыныптарда 6734 оқушы, 10-11 сыныптарда 1132 оқушы білім алады.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚҰРЫЛДЫ

Жастар жылы аясында қолға алынған «Жас маман» бағдарламасы негізінде кейбір колледждердің материалдық-техникалық базасы жақартылуда. Аталған мүмкіндік еліміздегі 600 колледже арасынан 180 кәсіптік колледжеге бұйырып болатын.



65 жылдан астам уақыт техникалық және кәсіптік оқыту бойынша нарық сұранысына ие кадрлар даярлап келе жатқан оқу орнында 720 студент білім алып жатыр. «Жас маман» бағдарламасы аясында колледждің 0907000 – жылу жабдығы және жылумен жабдықтау жүйелері және 1401000 – ғимараттар мен үймәреттерін салу және пайдалану мамандықтарына арналған екі құзыреттілік орталығы жабдықталды.

Құзыреттілік орталығының ашылу салтанатына қала әкімі Қайрат Әбсәттаров пен Жезқазған және Сәтбаев қалаларының жылуэнергетикалық кәсіпорнының, жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының, жылу энергетикалық орталығының, «Жезқазғантүстімет» кәсіпорнының басшылары мен мамандары қатысты.

Жиын басында қонақтарға ашылған құзыреттілік орталықтарының маңызы мен міндеті жайлы мағлұмат берген колледж директоры Бота Аман Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдауға ие болып отырған колледж бен аталған мамандықтар

бойынша білім алатын студенттерге мол мүмкіндіктер алаңы ашылып тұрғанын, құзыреттілік орталықтары теория мен практиканы ұштастыруда айтарлықтай зор көмек тигізетінін жеткізді.

– Жезқазған политехникалық колледжінің қазіргі таңда қала тұрмысын түзеуде тұрғындар үшін аса қажетті мамандықтар бойынша «Жас маман» бағдарламасы негізінде қолдауға ие болып отырғаны – мысты шаһар үшін игілікті істердің бірі. Себебі, өздерініз білесіздер, жылумен қамтамасыз ету, құрылыс салалары біздің қаламызда енді-енді қарқын алып келеді. Оққылықтардың орнын алу мақсатында Жезқазған қалалық тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің алдына бірқатар маңызды міндеттер жүктеліп, тапсырмалар берілді. Аталған мамандықтар бойынша білікті мамандарға мұқтажбыз. Сол себепті сіздерден түлеп ұшқан мамандар жоғары деңгейде білім алып, аталған салалардың дамуына өз үлестерін қосыуы қажет деп ойлаймын, – деген қала әкімі Қайрат Бектайұлы



жастарға қолдау тоқтап қалмайтынын, өз ісін жетік меңгерген білікті мамандар қашан да сұранысқа ие екенін атап айтты.

Қос құзыреттілік орталығының алғашқысы колледждің бас ғимаратында орналасқан. Мұнда білім алушы студенттер жылу жабдығы және жылумен жабдықтау жүйелері құзыреттілік орталығы негізінде жылу техникалық зертханалық кабинетінде, дәнекерлеу шеберханасында, гидравлика және су дайындау зертханалық кабинеттерінде тәжірибелік білімдерін жетілдіре алады.

Оқығанын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін келесі құзыреттілік орталығы колледждің 3 оқу корпусында орналасқан. Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану мамандығына сәйкес әзірленген орталықта білім алушылар сылау, сырлау шеберханасында үйілн іргетасын қалап, тас қалау, қаптау, сылау, сырлау жұмыстарын құрылыс алаңына бармай тұрып-ақ меңгеріп шығады. Оған қоса аталған мамандық бойынша геодезия құралдарының пайдаланылуы, ағаш өңдеу шеберханасы да жұмыс істейтін болады.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА

Қала басшысы Қайрат Әбсәттаров тікелей эфирде жезқазғандықтармен байланысқа шықты.

Тұрғындарға өздерін толғандырған сұрақтарды әкім назарына жеткізуге мүмкіндік беретін әкім сағаты бұл жолы да қаланы аралау форматында ұйымдастырылды. Эфир барысында Геология елді-мекеніне арнайы атбасын тірген Қайрат Бектайұлы қала халқын мазалаған суару, жол жөндеу, қоғамдық көлік сынды коммуналдық салаға тиесілі мәселелерге тоқталды.

– Қаламызда тұрғындардың игілігі үшін жоспарлар жасалып, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, осы жұмыстардың барысы көпшіліктің көңілінен шықпай жатады. Оққылықтардың барын мойындаймыз. Оларды жою бағытында күш жұмылдырдық. Кемшіліктерге жол бермей, алдын алу үшін орындауға жауапты мекемелерге қатаң талап қоюмен қатар, қалалық қоғамдық кеңестің жанынан мониторингтік топтар құрылды. Бұл топтағы өзіміздің жергілікті азаматтар аябай белсенділік танытуда. Бұған қоса, әлеуметтік желіні пайдаланушылардың, мына сіздердің арқаларыңызда қаламыздағы жағдайлар бойынша шұғыл ақпарат алып отырамыз, – деген қала әкімі бүгінде мердігер компаниялардың жұмысы қатаң бақылауға алынғанын жеткізді. Әр мердігердің жұмыс жасап жатқан объектілерінің жағдайын жеке-жеке қарап қадағалаған әкім бастаған топ белгіленген жұмыс кестесін бұзып, сапасына мән бермеген мердігерлерге ескерту берген. Ескерту ескерусіз қалған жағдайда мердігермен келісімшарт бұзылатынын айтқан қала басшысы биыл жөнделетін жолдарға тоқталды. 2021 жылы Жезқазған қаласының Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смаилов, Түсіпбеков, Шевченко көшелері орташа жөндеуден өтпек. Сонымен қатар 6-шағынауданның жолдары, 4,5-шағын ауданның аулаішілік жолдары қалыпқа келтіріледі. «АрмСтрой» ЖШС компаниясы қыркүйектің соңына дейін қала жолдарын ағымдағы жөндеуден өткізеді. Мердігер 16 000 шаршы метр асфальт-бетон жабынын төсейді деп жоспарланған. Өткен жылы әртүр-

лі себептермен аяқталмай қалған Марғұлан көшесі, Батыс айналма жолы, Пирогов және Құрманбаев көшелерінің жөндеуі биыл аяқталады. Су, жылу құбыры желілерін қайта құру кезінде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде бұзылған жол учаскелерін қалпына келтіру де қолға алынған.

Естеріңізде болса, «Сарыарқа» магистральды газ құбыры Жезқазған қаласына жетіп, Талап ауылы мен Пристанционный елді-мекеніне тартылған болатын. Ендігі кезекте Геология елді-мекенін газдандыру жоспарланған. Аталған елді-мекенді бүгінге дейін тозағы жеткен қазандық жылытып тұрған. Газдың шарнапты алдағы жылдары жеке тұрғын-үй массиві бар Бекболатсай, Қостангелді елді-мекеніне, сондай-ақ, 91-98-орамдар мен 7-8 шағын ауданға да тиесілі. Жалпы, Жезқазғанда 170,5 шақырым газ құбырын тарту жоспарланған. Газ құбырын үйді-үйге жеткізу тұрғын қаржысы есебінен жүргізілетінін айтқан Қайрат Әбсәттаров әлжуаз топтағыларға бөліп төлеу жеңілдігі ұсынылады деп сендірді.

Тікелей эфир кезінде 16,1 шақырым суару желісі жөнделіп, тамшылап суару әдісімен Кенгір жағалауына 12272 тал отырғызылғанын жеткізген қала басшысы жаңа типтегі коқыс алаңдарын жасақтау бойынша жоспарларымен бөлісіп, абаттандыру ережелерін бұзған жеке кәсіпкерлер мен қала тұрғындарын жауапқа тарту жұмыстары күшейтілгенін тілге тиек етті. Жыл басынан Жезқазған қаласы полиция басқармасының қызметкерлері тарапынан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес 806 хаттамға толтырылған. Олардың 120-сы шағын және орта бизнес өкілдеріне, 2 хаттамға «Сәт Тазалық» ЖШС, 25-і ПИК-терге, қалған 686-сы жеке тұлғаларға тиесілі. Тәртіп бұзғандарды дереу анықтау үшін жақында полиция басқармасы жанынан бейнетүсірілім тақтасы бар желде басқару орталығы ашылады.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Жезқазған қаласы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен жасалған дезинфекция жұмыстары қарқын ала бастады.

Қалалық бюджеттен қарастырылған қаржы есебінен аталған жұмыстарды актобелік «Дезинфекция» медициналық мекемесі мен алматылық «Atiana group» ЖШС кәсіпорындары жүргізбек. Талдарды жалаңаштаған құрттарды жою бірнеше сағатта жүргізілетінін айтқан жауапты мекеме мамандары дезинфекциялау кезінде Қазақстан Республикасы аумағында рұқсат етілген препараттар қолданылатынын жеткізді. Химиялық заттық қала тұрғындары мен қоршаған ортаға зияны тиімейтініне сендірген ол мердігерлердің бұл салада 25 жыл жұмыс өтілі барына назар аудартты. Түнгі уақыттарды жүргізілетін дезинфекциялық жұмыстар қаладағы аумағы 427 га болатын жасыл желектерді қамтымақ. Сонымен бірге, мердігер «Дезинфекция» компаниясына гүлзарларды арампөптен тазарту да жүктелген.

Қала көшелерінде арнайы киім киіп, ағаштарды дәрілеген жұмыскерлерді көрген жезқазғандықтар алғашқыда шошына қараса, қазір қуанып жатыр. Адам жанына сая болар ағаштың жазда жайқалып, одан қарша құрт жаумағаны қай тұрғынға болмасын ұнайтыны анық.

ЖЫЛУ ҚҰБЫРЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

Жезқазған қаласында 482 шақырымдық жылу желілері бар болса, оның 61%-ы тозан. Қала тұрғындарын үздіксіз әрі сапалы жылумен қамту мақсатында 2018 жылы мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде жылу желілерін қайта жаңартудың I кезеңі басталды.



Үш жылға созылған жөндеу жұмыстары кезінде мердігер «АстанаИнжкомстрой» ЖШС 3,2 млрд теңгеге №3, 9 жылу магистралінің ұзындығы 5,8 км жылу құбырын ауыстырған. Аталған жоба аяқталысымен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында жылу желілерін қайта құрылымдаудың II кезеңі іске қосылды.

2022 жылға дейін жүзеге асырылатын II кезекте ұзындығы 11,4 шақырым жылу құбыры ауыстырылмақшы. Жоба құны – 4,7 млрд теңге. Бүгінде мердігер «АлматыИнжстрой» ЖШС жұмыскерлері 4,3 км құбырды жаңалап үлгерген. Биылғы жұмыстарға республикалық қазынадан 1 млрд, 68 млн теңге қарастырылған. Қазіргі таңда мердігер №9,11 жылу магистралінің Гагарин, Ғарышкерлер, Қошкарбаев көшелері бөлігіне қажетті материалдарды толық жеткізіп, Сейфуллин мен Абай көшесі киілісында, Асылбеков көшесінде жұмыс істеп жатыр.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

«Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ – 8/71 02/73 30 13 бөлім қызметкерлерінің Әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларды бұзу факторлары бойынша хабарлау үшін жұмыс атқарады.

К СВЕДЕНИЮ ГРАЖДАН!

В государственном учреждении «Отдел строительства города Жезказгана» функционирует ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ – 8/71 02/73 30 13 для сообщения о фактах нарушения сотрудниками департаментам Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих), законов Республики Казахстан («О государственной службе») и «О противодействии коррупции».

COVID-19 ЕКПЕ САЛДЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Аптаның жеті күнінде таңғы сегізден кешкі сегізге дейін үздіксіз жұмыс істейтін аурухана қалашығында орналасқан COVID-19 індетіне қарсы вакцина салу орталығына қашан барса да ұғы-жымы кісі. Бастапқы кезеңдерге қарағанда қазір күнделікті еке алуға келетіндердің саны 100-150 адамға жеткен.

Орталықтың кіре берісінен екінші қабатына көтерілгенше ұзын сонар кезекке жолақтық. Таңғы сағат тоғыздар шамасында есік алдында жиырмадан аса тұрғын өз кезегін күтіп тұрды. Кіре берістен кайтып бара жатқан Нағима әжеде вакцина салдыруға келіпті. Дегенмен, 74-тегі қария денсаулығына екпе салдыру қауіпті деген дәрігерлер апамызды кері қайтарған. Олардың айтуынша, карт аныған күн қысымы тым жоғары екен. Бұл жолы «Гам-КОВИД-Вак», яғни ел арасында «Спутник V» деген атаумен танылған вакцинаның бірінші компонентін салдыруға келгендер қатары көп.

– Басында барлығымыздың да вакцина дегенді естіп шошып қалғанымыз рас. Ел арасында түрлі қауесет, қалған, араңда-тушылық сөздер тарайды. Дегенмен әлемдегі барлық аурудың емі вакцина арқылы табылғанын, біраз қауіпті аурулар сөйлеп жатқан жоққа шығара алмаймыз. Қазір Шұбаркөл көмір кенішінде жұмыс істеймін. Жезқазғанға келіп, медициналық тексерістен өтуім қажет болды. Соған орай вакцина салдырып алуды да жөн көрдім. Бұл өзімнің және жақындарымның саулығы үшін аса қажет, – деген Нұрсұлтан Лиясов екпе салдырғаннан кейін алғашқы 30

минуттағы жағдайы қалыпты екенін жеткізді.

Вакцинаның екінші компонентін қабылдаған Айнұр Түсіпова да аурудан құтылуың бірден-бір амалы вакцина екенін жақсы біледі.

– Мені екпе салдыруға мәжбүрлеп жатқан жоқ. Барлық мағлұматтарды қарап, зерттей келе вакцина салдыруға шешім қабылдадым. Вакцинаның бірінші компонентін қабылдаған алғашқы күні бас ауырып, салқын тигендей денем сырқырады, белім ауырды. Үшінші күні өзімді жақсы сезіндім. Әр адамның организмі әртүрлі ғой. Ал менің жұбайым да мүлде ауырсыну байқалмады. Байқасаңыздар мына кезектің көбі орыс ұлттың адамдары. Өзіміздің қара көздеріміз бірден-сәран. Олар әлі де болса «вакцина қауіпті» деген ұстанымда болар. Өзірге вакцина қолжетімді, тегін кезде барлық тұрғындарды екпе салдырып алуға шақырар едім. Ең болмаса халықтың 50 пайызы екпе салдырса, қауіп сейіліп, бұрынғы алаңсыз күндерімізге оралуға жол ашылар еді, – дейді ол.

Екпе салуға келген тұрғындарды қабылдап жатқан жауапты дәрігер «Мөкенбаева» отбасылық-дәрігерлік орталығының

балалар дәрігері Сымбат Кенжеғалиева:

– Тұрғындардың денсаулығын жіті тексергеннен кейін ғана вакцина салуға болатынын, болмайтыны туралы нақты ақпарат береміз. Қазіргі таңда қаламыз бойынша Ресейде жасалған «Гам-КОВИД-Вак» вакцинасы егіліп жатыр. Вакцина қоры жеткілікті. Вакцина алған адам 30 минут осы орталықта медбикелердің бақылауында болады. Олардың жағдайы жақсы екеніне көзіміз жеткеннен кейін ғана үйлеріне жібереміз. Көбіне вакцина салдырған адамдарда дене қызуы көтеріледі. Бұл – қалыпты жағдай. Вакцина созылмалы аурулары бар және жүктілікке дайындалып жүрген әйелдерге салынбайды. Ол үшін арнайы мамандардың аталған аурулар мен ана атануға дайындықты растайтын құжатты болса жеткілікті. Ал екпе салдырып қойған жағдайда жүктіліктен алты айға дейін сақтанғаны жөн. Жалпы еліміз бойынша бұл құбылыс әлі де нақтыланып, зерттеліп жатыр, – дейді. Сонымен қатар, дәрігер вакцина салдырғаннан кейін кем дегенде үш күнге дейін бойынды салқыннан қорғап жүрте кенес берді.

21 МАМАҒЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



РУХАНИ САЛАДА – ІРІ ЖОБАЛАР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жақында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Күрметті азаматы, өлкетанушы Сүтемген Бүкірөвтің туғанына 100 жыл толуына орай қала әкімдігінің қолдауымен тарихи-археологиялық музейдің көрме залында «Ұлт мұрасын ұлықтаушы» тақырыбында тарихи-танымдық көрме ұйымдастырылды. Көрме аясында «Жезқазғанның менің», «Біздің Қаныш Имантайұлы», «Сүтемген Бүкірөв: ғылыми-танымдық, публицистикалық, библиографиялық көрсеткіш» кітаптарының тұсаукесері өтті. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің демеушілігімен, қала әкімдігінің және жергілікті мұрағаттық ұйымдастырумен XVIII «Бүкірөв оқулары» аясында «Өлкетану – Отан тарихының бастауы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына танымал тұлғалар Әліхан Байменов, ҚР Мәжіліс депутаты Берік Өбдіғали, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артыбаев, Нұр-Сұлтан, Павлодар, т.б. қалалардан архив қызметкерлері, ғалымдар қатысты.



тық-сахналық костюмдер және қысқы мезгіл шараларына қолайлы концерттік костюмдер тіктерді.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің бірқатар мекемелерінде «Парасат жолы» орталықтары мен бұрыштары ашылды.

Мәдени қызмет көрсету рыногында бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды факторларының бірі кадрлық потенциалды қалыптастыру болып табылады. Сондықтан табиғи таланттарға, өнерлерімен өмірімізді гүлдендіруге, жан дүниемізді байытуға үлес қосып жүрген шығармашыл тұлғаларға жан-жақты қолдау, ынталандыру шаралары көрсетіліп келеді.

Халықаралық қуыршақ театры күні және Халықаралық театр күніне орай қуыршақ труппасының артисі Рысқұл Исмаилов және қоюшы-суретші Жұмабай Сәрсенов ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкері Галия Ғазизова Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Халықаралық театр күніне орай театр қызметкерлері Үмітай Абдуллаева, Гүлім Молдабергенова, Болат Данияров, Нұржан Бейісбеков және Ләззат Жолдыбаева алғаш хаттармен, Халықаралық музейлер күніне орай музей қызметкерлері Толқын Өткелова, Бекзат Балтабеков, Қолжанат Ескендірова, Салтанат Ебенбекова Жезқазған қаласының Күрмет грамотасымен марапатталды.

Алдағы жылдары атқарылар жұмыстар бар. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жоспарындағы күрделі де маңызды мәселелердің бірі «Наурыз» саябағында ұлы Абай ескерткішінің орнату. Жезқазған-Ұлытау аймағында өмір сүрген, өңірдің мәдени-рухани саласының қалыптасуы мен дамуына, өркендеуіне айрықша еңбек сіңірген ақын, әнші, жазушы, журналист, қоғам қайраткері, композитор, термешілердің есімдерін насихаттау мақсатында «Руханият» аллехасын ашу, Алаш алаңында «Алаш қайраткерлері» композициясын (биос) ашу болып отыр. Бүгінгі таңда Абай ескерткіші бойынша ең үздік жобаға жарияланған республикалық конкурстар жұмыстары аяқталды, монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссия нәтижесінде суретші Саид Айнеков жеңімпаз атанды. «Алаш қайраткерлері» композициясы бойынша республикалық ашық конкурстар өткізілуде.

Халықаралық республика деңгейінде туризмді дамыту мақсатында қолға алынған ірі жоба – «Жошы хан» тарихи-танымдық кешені. Қарқынды жүргізілген құрылыс жұмысы аяқталуда жакын. Қазіргі таңда ғалымдармен бірлесіп отырып «Ұлық Ұлыс» экспозициясы әзірленуде. Осы жылдың жазында тарихи-мәдени кешеннің салтанатты ашылу шарасы өтеді деп жоспарланады. Ұлытау-Жезқазған өңіріне келген қонақтардың туристік сапары осы кешеннен басталатын болады.

Алдағы уақыттарда «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені ғылыми база ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ, ғалымдардың қатысуымен

ғылыми конференциялар, студенттер мен оқушылар үшін практикалық сабақтар өткізуге мүмкіндік туады.

Қаланың көркемөнерпаздар ұжымы мен Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясы шығармашылық ұжымдары алдағы уақытта Қарағанды, Нұр-Сұлтан қалаларында Жезқазған қаласының мәдениеті күндерін өткізуді жоспарлауда. Іс-шараның жоспарға сәйесі өтуі жақсы күндердің еңшесінде деп айтамыз.

Былтырғы жылдың маусым айында балалар мен жасөспірімдер кітапханасы өз алдына жеке ғимаратқа көшірілді.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасын жаңа қоғамдық кеністік құру мақсатында модернизациялау қолға алынбақшы. Модернизациялау барысында кітапханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсету үшін заманауи құрылыстармен, жаңа технологиялармен жабдықталатын болады.

Жезқазған-Ұлытау аймағы үшін 30 жылдық тарихы бар «Ұлытау үні» фестивалінің орны ерекше. Жыл құсындай сағыны күтер фестиваль өзінің отызыншы жымылығының ашылуын кешуілетуінің себебі – жаһан жұртын өбігерге салған індет салдары. Алдағы уақытта фестивальдің деңгейін жаңа форматта өткізу жоспарланады. 30 жыл үзбей дарынды мен таланттардың қанатын қақтырған фестивальді республикалық деңгейге көтеріп, бағдарлама аясында республиканың 17 аймағынан жиналған этнографиялық ансамбльдердің басын қосу сияқты айтулы шара жоспарланып отыр. Осы фестиваль аясында жастарға арналған заманауи рок, джаз, классика, т.б. стильде ұлттық музыкалар шеруін жасау, ұлттық әндердің ұмыт бола бастаған формаларын қайта өңдеп, жандандыру қолға алынбақшы. Сонымен қатар, фестиваль аясында қолданбалы өнер, колорет, суретшілердің көркем туындыларынан тұратын көлемді көрме ұйымдастыру да жоспарда бар. Айта кететін тағы бір жайт, фестиваль аясында дәстүрлі әндер конкурсын өткізуді жоспарда. Бүгінде Арқа өңірінің өңірлік дәстүрін үзбей келе жатқан дәстүрлі өңірлер, сал-серілердің көшіп жалғастырып, ақындық өнерге бей ұрған өнерпаз жастарымыз баршылық.

Халық өнерінің айтулы өкілдері саналатын ұлттық әндерді Қожабай, Тайжан, Иманжан, Омар, Нияз, Болман, Ыбырағым сияқты ақынның өмірі мен өнер жолын насихаттау жұмысы да қолға алынбақшы.

Осы тұста өңір халқына хабарлама ретінде биыл өткізіледі деп жоспарланған республикалық ақынның айтысы келесі жылға қалдырылғанын айта кеткіміз келеді.

Қаламыздың мәдени саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген, шығармашыл, талантты да дарынды тұлғаларымыз баршылық. Олардың қатарында халық әртісі Дожан Жақботаев, ҚР еңбек сіңірген әртістері Берекешев Қошанов, Ғалым Мұхаммедхан мен Серік Бұлғақбаевтың, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ғазиз Ештанаявтың, мәдениет саласының қайраткері Салтанат Нұрлыбаева, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Хамзин, мәдениет саласының үздігі Зәуреш Омарованың есімдерін ерекше айтамыз.

Атқарылар жұмыс та, атқаратын жұмыс та жетерлік. Демек, бөлімнің алдында зор міндеттер тұр. Мақсатымыз – осы міндеттерді айырымен орындап, көпшіліктің талап-тілегі үдесінен шығу.

Қаламыздың, аймағымыздың мәдени-тарихи құндылықтарын қалыптастыру, дамыту мен сақтауда мәдениет және өнер қызметкерлері маңызды қызмет атқарады. 2013 жылдан бері Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі 21 мамырда аталып өтіп келеді. Міне, төл мерекеміз де келді. Мереке қарсаңында әріптестерімді, мәдениет пен өнер саласының қызметкерлерін қасиет мерекелерімен құттықтаймын. Жезқазған кәсіби мерекелерін дәріптеп, даңқын арттырып, ұлттың өнерін, мәдениетін қалыптастыруға, рухани мұраны сақтауға қомақты үлес қосып келе жатқан әріптестерге денсаулық, ізденістерге қажетті күш-қуат, шығармашылық табыстар тілеймін.

Гүлзаля ШОМАЕВА, Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

Өмір өрнегіне айналған өнер атты құдіретті күш көптің басына қона бермейтін ерекше қасиеттердің бірі екені рас. Ән-жырға, би-күйе қабілетті, әсемдік пен әдемілікке құмар өнерпаз жандарға қай кезде де қызға көз тастайтынмыз жасырын емес. Жауы Мұса, Біржан сал, Ақан серлердің бүгінгі жалғасы саналатын мәдениет пен өнер қызметкерлері үшін мамыр айы – шуаққа толы, мерекелі мезгіл. Себебі 2013 жылдан бері дәстүрлі түрде 21 мамырда атап өтілетін мәдениет және өнер қызметкерлерінің мерекесі қарсаңында мысты шаһардағы өнердің қарашақырағы саналатын Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне барып қайттық. Аталған өнер ордасында өз ісіне шымы берілген, бар ынты-ықпалын осы салаға арнаған жандар аз емес. Солардың бірі – Нұржәмила АМАНОВА.

АБЫРОЙ БЫТНДЕ



ралық өнер байқауларына қатысып, жүзделі орындарды иеленіп жүрген өнер ұжымының биыл да қанжығасы майланудан танбады.

Өлемді жайлаған пандемия мен карантин салдарынан барлық жөндеу іс-шараларға тыйым салынды. Осы тұста әр түрлі жанрдағы байқаулар онлайн режимде ұйымдастырылып келеді. Қай істің де бабын таба білетін өнер ұжымы аталған байқаулардың ешқайсысынан да қалған емес. Мысалы, «Жезқазғанның інжу-маржандары» әжелерден құралған хор ұжымы «Ардагерлер өз салалы» облыстық байқауына аскан бәсеңділікпен қатысып, көпшілікті тәнті етті. Облыс бойынша 700-ге тарта өнерпаз бақ сынаған «Сарыарқаның жаңа есімдері» байқауында да әжелер қауымы алға озып 3-орынды иеленді. Бұл байқауда «Шалқыма» би ансамбліне де 3-орын бұйырды. Ал гимнастика саласын жетік меңгерген Дилара Қонаева болса, 1 орынды қанжығасына байлады.

«Наурыз көркі – ақ бата» облыстық бата айту сайысында да Халықтар достығы мен мәдениеті үйі ұжымы озық шығып, «Ең үздік қойлым» номинациясын жеңіп алды.

Қаламызды ұйымдастырылатын кез келген мәдени іс-шараның көркіні қыздарымыз «Шалқыма», «Шашу», «Диндалле», «Аз-Литта» би ұжымдары қандай жағдай болса да көрермендерін таң-тамаша қалдырып, оларға жақсы көңіл-күй сыйлаудан танған емес.

Ауылдық жерлердегі клубтар да көштен қалған емес. Қазіргі таңда облыстық «Ең үздік ауылдық жердегі клуб» байқауына қатысып жатқан Талап клубы ұжымы үшін бүкіл ұжымдастары тақымдарын қысып, сөзтілік тілеп отыр. Тауу күндері «Dance star» халықаралық байқауында бақ сынағанды өтырған жезқазғандық бишілерге де сөзтілік серік болған дейміз.

Нұржәмила Аманова концерттік қойлымдар барысында көзге көрінбегенімен аса маңызды міндеттерді атқаратын дыбыс-режиссері Бақыт Әбілтайев пен жарық беруші Даниял Уляновтың еңбектері әрдайым мақтауға тұрарлық екені жеткізді.

– Он саусақтарынан өнер тамған, өз ісінің білгірі саналатын мамандарымыздың еңбектері ерекше. Жезқазған Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде кызмет ететін кез келген қызметкердің орны бөлек. Мен олармен мақтанамын. Олар карантин кезінде де тежеліп қалмай, түрлі түсірілімдер жасап, өнершілер көрерменге ұсынғып жатыр. Соңғы жылдары әлеуметтік желідегі паракшамызды дамытып, жанама бағытта жұмыс істеуге ден қойдық. Дегенмен, қазіргі таңда біздің мекемеге ұйымдастырушылықпен айналысатын мамандар жетіспейді. Мүмкін бұл мәдениет саласындағы қызметкерлердің еңбек ақысының айтарлықтай көңіл қоспағандығы салдарынан болуы мүмкін. Десе де, соған қарамастан біздің Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде еңбек етіп жүрген барша ұжымдастарымыз алғысымыз білдеремін. Олар – өнердің шын жанашырлары, – дейді Нұржәмила Аманова жезқазғандық өнерді дамыту жолында бар маңдай терін төгіп, күш-жігерін сарп етуге әзір екенін жасырмады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Бүгінгінің жастарын алаңдататын басты мәселе – жұмыссыздық екенін айтып жатуың өз артық. Қолына күркетей диплом алғанмен көп жағдайда олар мамандығына сұрыныс жасап ескермейді, енді бір жерде жұмыс өтілінің жоқтығынан тығырыққа тіреледі. Осы ретте Қарағанды облысының жастар саясаты жөніндегі басқармасының басшысы Біржан Әліжанов «Zoom» платформасында облыс жастарымен байланысқа шығып, кәсіптің көзін табуға мүмкіндік беретін мемлекеттік қолдауларды кеңінен түсіндірді.

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының басым бағыттарын насихаттау аясында ұйымдастырылған онлайн-кездесуде:

– «Қазақстан – жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз – дамуың қозғалушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін-өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету» деген ел Президенті ең Жолдауында жас бұйына ерекше көңіл бөлді. Атап айтар болсақ, ол: «Біз жастар үшін жаңа мүмкіндік берудіміз керек. Соның ішінде олардың бизнеспен айналысуына, білім алуына, жұмысқа орналасуына, табыс табуына жол ашу керек. Өз өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифтер іс жүзінде да жұмыс істеуі керек. Еліміздің жастары мен талантты азаматтары мемлекеттік қызметте ітерге үшін арнайы кадрлық бағдарлама дайындаймыз. Болашағымыз жастардың қолында», – деді. Қазіргі таңда берілген тапсырма сөз жүзінде қалмай өміршең болып жатқанның куәгеріміз, – деген өңір жастарының көпбасын Біржан Нұржанұлы бизнеспен ашуға ынтасын барларға қарастылып мол мүмкіндіктерді жіктен берді. Өз ісін бастауға немесе одан әрі дамытығысы келетін жастар жыл сайын тағайындалатын облыс әкімінің грантына, «Бизнестің жол картасына» қатысуға кеңес берді. Сонымен бірге, жұмыссыз жүрген жастарды жұмыспен қамтып, тәжірибе жинауға мол мүмкіндік беретінін нәтижелі жұмыспен қамтуды

Бота ШАЛҚАР

«ҚАЗАҚМЫС» КОРПОРАЦИЯСЫНДА

Жақында «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС басқарма төрағасының бірінші орынбасары Андрей Гайдин компанияның еңбек ұжымының өкілдерінің қатысуымен Жезқазғанда жұмысымыз жиналғысын өткізді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік жоспарлар ойдағыдай орындалды. Алғашқы үш айдың қорытындысы бойынша 72,1 мың тонна катод мысы шығарылып, жоспардың орындалысы 107,3%-ды құраған. «Қазақмыс» 2021 жылғы 243,8 мың тонна таза мыс өндіруді жоспарлап отыр. Корпорацияның жұмыс іргазының қалыптасуы өндіріс орналасқан аймақтардың дамуымен тікелей байланысты екені белгілі. Осыған орай, компания басшылығы өндірістік жұмыстармен қатар Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш қалаларының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін шешуге де көмектесуді ұйырып, осы бағыттағы жоспарларын ортаға салды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

«Қазақмыс» негізгі өндіріс буындары орналасқан үш қаланың әкімдіктерімен бірлесіп отырып, 2020-2025 жылдарға арналған өңірлерді дамытудың бағдарламасын жасаған болатын. Бағдарламаның 2020-2022 жылдардағы бірінші кезеңіндегі әлеуметтік жобаларға корпорация 19,5 млрд. теңге бөледі. Жезқазған қаласы бойынша тұрғындарды сапалы ауызсумен жабдықтау жөніндегі жұмыс жалғасады. Резервтік су құбырының құрылысынан басқа, қаланы сумен үзілсіз қамтамасыз ету үшін жерасты суының қажеттілігі белгілі. Осы жөніндегі жобаның ЖСҚ-ы жасалуда. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларын сумен жабдықтаудың кешенді тұжырымдамасы бойынша инженерлік желілерді қайта құрудың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу қолға алынбақ.

Сәтбаев қаласында қазіргі заманға сай жаңа клиника салынатын болады. Өлемге жайылған коронавирустың індетімен күрес шараларына да белсене атсалыспақшы. Корпорацияның әлеуметтік бағдарламалары компания еңбеккерлерімен қатар өңір тұрғындарының да тұрмыстық жағдайын жаңажакты қамтиды. «Қазақмыс» корпорациясының персонал жөніндегі директоры Владимир Лян осы бағыттағы жобалардың орындалысы туралы хабарлар етті. Өткен 2020 жылы «Қазақмыс» Топтары компаниясының көп балалы отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша 2,5 млрд. теңгеге 131 пәтер сатып алынып, еңбеккерлерге тегін берілді. Бұл бағдарлама биыл да жалғасады. Жезқазған медициналық орталығының алдына еліміздегі ең үздік деңгейдегі балаларды сауықтыру орталығын құру жөнінде міндет қойылған еді. Осы міндет ойдағыдай жүзеге асып келеді. Сауықтыру курсынан 2020 жылы 90 бала өтсе, үстіміздегі жылдың өткен үш айында 55 бала сауықтыру емін алды. Егер мүтедек бала арнаулы медициналық көмекке мұқтаж болса, оны «Жезқазған Медициналық орталығы» ЖШС базасында емдеудің мүмкіндігі болмаса Қазақстанның басқа клиникаларында емдеуге қаржы бөлу мәселесі қарастырылатын болады. Сондай-ақ, протез, есту аппараты, мүгедектік арбасы сияқты арнайы техникалық медициналық құралдар алу үшін де материалдық көмек көрсетіледі.

Корпорацияда өткен жылдың қазан айында табыс деңгейі төмен еңбеккерлерге атаулы

көмек көрсетудің бірыңғай тәртібі мен мөлшері белгіленген болатын. Бұл санаттағы еңбеккерлерге қажетті азық-түлік тауарларын алу үшін тоқсан сайын 60 мың теңге көлемінде беріледі. Мектеп жасындағы балалары бар еңбеккерлерге жылына бір рет Білім күнінде мектепке қажет киім мен аяқкиім, оқу заттарын алуға материалдық көмек жасалады.

Жұмысшы жиналысында атап айтылғандай, қоғамдық қауіпсіздік, спортты дамыту, қаланы абаттандыру шараларына да атсалысу қарастырылып отыр. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында «Құзпінс аудары» қанатқакты жобасын жүзеге асыру, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық жаратқандырылуына көмек беру жоспарланады. Корпорация Кенгір су қоймасы жағалауы мен Сәтбаев қаласының көшелерін қоғаландыруды, шахтерлер мекенінің аулаларын абаттандыруды одан әрі жалғастырады. Қаланың мәдени нысандарына қамқорлық жасау да назарда бар. «Қанско» спорт кешенін қайта жаңғыртып, күрес залын алу ойластырылуда. Сәтбаев қаласының жабық футбол алаңы қалпына келтіріліп, Жезқазғанда балалар мен жасөспірімдер спорт академиясы салынады.

Сондай-ақ, Жезқазған өнеркәсіптік аймағын дамыту бағытындағы кен кездерін ашып, өңім көлемін арттыру, жаңа технологияларды енгізу жөніндегі жобалар жайлы да жан-жақты айтылды.

Амандық РАХУЛЫ



# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫ БАСТАЛЫП КЕТТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30  
ЖЫЛ

*Ата-бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкке желбірегеніне, міне 30 жыл! Осы аралықта Қазақстан газетіне пара-пара даму жолына өтті. Ең бастысы, бүгінгі еліміз азат, тұрғындарымыз бейбіт заманда бақытты тұрғындар. 2021 жыл Отанымыздың аса маңызды тарихи белесін атап өтетін маңызды шараларға толы. Егемендіктің 30 жылдығын атап өтуге байланысты арнайы ұйымдастыру тобы құрылды. Президент әкімшілігі бекіткен «Жасампаздыққа толы жылдар» атты тұжырымдамасына және Қарағанды облысы бойынша әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге арналған қалалық іс-шаралар жоспары әзірленді. Басты идея: «Жасампаздыққа толы жылдар». Негізгі түйін: «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл – бұл Жасампаздыққа толы жылдар». Негізгі түйін басты идеяны логикалық тұрғыда жалғастырады және нақтылайды, еліміз бен оның азаматтары үшін Тәуелсіздіктің мәні мен маңызын кеңінен әрі ұқшам көрсетеді.*

Қазақстан Республикасының 30 жылдығы тақырыбында қалада мерейлі жылдың идеологиялық мазмұнын ескере отырып, қаланың орталық көшелерін мерекелік безендіру ұйымдастырылды. Қаланың орталық алаңдары мен басты көшелеріне 3x6 өлшемдегі 5 баннер және 1x17 м өлшемдегі 2 тартпа ілінді. Безендіру жұмыстары 2021 жылға арналған конкурс жеңімпазы анықталған соң өз жалғасын табатын болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерекелеуге қатысты алға қойған міндеттерін ұстана отырып, қалалық жоспарға 54 іс-шара енгізілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту республикалық жоспарына сәйкес оқиғалар қатары әр ай бойынша 12 тақырыптық бағытты қамтиды.

Қала мекемелері мен оқу орындарында барлығы 1200-ден аса іс-шаралар өткізіледі деп жоспарланады. Іс-шаралар халықтың барлық санаттарын қамтиды.

2021 жылдың 21 қаңтарында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кеңейтілген Үкімет жиналысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту кезінде артық данғаза мен ысырапшылыққа жол берілмеуі қажет деп атап көрсеткендей, қалада 2021 жылғы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту аясындағы мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралар жоспарланған. Іс-шаралар мейлінше сапалы және мазмұнды деңгейде айтарлықтай шығынсыз өткізіледі.

Осы жылы құрылысы аяқталатын жаңа 5 көпқабатты үйлерден 176 пәтердің кілті жезқазғандықтардың игілігіне табысталады. Бұл – 19180 ш.м. тұрғын үй.

Сонымен қатар, айтулы мерекенің құрметіне 320 орындық балабақшаны, 320 көрермендер орнын қамтитын дене шынықтыру-сауықтыру кешенін, Жезқазған қаласы көпсалалы ауруханасындағы жанартылған перзентхананы, Теректі станциясындағы 80 орындық жаңа мектепті, абадан-дырылған 70 жаңа балалар ойын алаңдарын тарту етпекпіз. Оған қоса қаламызға жаңаша келбет беру мақсатында көпқабатты үйлердің қабырғаларына тәуелсіздік және патриоттық сезім тақырыптарына арналған муралдар орнатылады.

Іс-шаралар жоспарында отансүйгіштікке, игі дәстүрлерімізді құрметтеуге тәрбиелейтін, ұлттық рухты нығайтатын іс-шараларға арнайы орын бөлінген. «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің, «Абай тағылымы» ескерткіші кешенінің, «Руханият» аллеясының, «Алаш қайраткерлері» композициясының ашылуы елдімізді сипаттаса, «Ұлытау үні» халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің аймақтық фестиваліне 30 жыл толуына орай өткізетін республикалық ақындар айтысы, «Туған жерге туынды тік» атты жерлестер форумы, туған жерге деген мақтанш, сүйіспеншілік сезімдерін күшейтіп, жезқазғандықтарды жасампаздық істерге жұмылдырады деп сенеміз.

Жерлестер форумын нақтылап айтсақ, Жезқазған қаласынан қанаттанып, белгілі белестерге шыққан жерлестеріміз өз салаларында нақты істерді атқармақ. Мысалы, белгілі хирург, педагог, журналист, тағы басқа мамандардың семинар, мастер-класстары, спонсорлық және басқа да көмектері.

Жоспарға енгізілген 1 іс-шара халықаралық деңгейде өткізіледі:

– қазан айында С.Қожамқұловтың 125 жылдығына арналған Жанат Хаджиев атындағы халықаралық театрлар фестивалін өткізу;

– 4 іс-шара республикалық деңгейде:

– «Келешек-2021» жас ғалымдар мен магистранттарға арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция;

– «Ұлытау үні» аймақтық халық шығармашылығы және көркемөнерпаздар фестивалінің 30 жылдығы. Республикалық ақындар айтысы.

– «Туған жерге туынды тік» атты жерлестер форумы;

– ХХІ Халықаралық Байқоңыров оқулары.

Оқиғалар қатары әр ай бойынша 12 тақырыптық бағытты қамтиды:

**Қаңтар айы** – «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» айдарымен өтті. Қаламыздың барлық бұқаралық ақпарат құралдарында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған айдарлар мен бағдарламалар ашылды.

Жасампаз еңбегі Тәуелсіз Қазақстан құрылысының негізіне айналған түрлі салалардан шыққан «Еңбек адамын» құрметтеуге арналған «Шынайы тұлғалардағы тарих» жалпыұлттық челленджі аясында өтті. Еңбек династиялары туралы видеороликтер әзірленіп, отбасылар туралы мақалалар жарық көрді. Бұл жұмыс жыл бойы әрі қарай өз жалғасын табады. Қаламыздың барлық мекемелеріне үлгі тұтар отбасылар және еңбек династиялары туралы сұрауы жіберілді. Құрметті әріптестер, еңбек династияларын дәріптеу – ортақ ісіміз. Сіздерден лайықты еңбек династиялары бар болса, қажетті мәліметтерді күтеміз.

**Ақпан айы** – «Қазақстан – спорттық ұлт».

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ақ қыс – 2021» ХVIII қысқы спорт түрлерінен онлайн іріктеу өтті. Іріктеуден өткен спортшылар облыстық жарысқа жолдама алды. Сонымен қатар спорт апталықтары барлық оқу орындарында өткізілді.

2021 жылдың 5 ақпан күні студенттер арасында онлайн Президенттік көпсайыс өтті. Жарыс бағдарламасы шаңғы тебу, мылтық ату, күштік спорт түрлері, белтемірге тартылу, денені жерден көтеру.

2021 жылдың 10-14 ақпан аралығында жасөспірімдер мен қыздар және ересектер арасында садақ атудан қалалық біріншілік өтті.

2021 жылдың 21 ақпан күні Малшыбай ауылында садақ атудан шеберлік сабақ өтті.

**Наурыз айы** – «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті» тақырыбында өтті.

Негізгі іс-шаралар ол – «30 игі іс» атты марафонның бастау алуы. 1 Наурыз – Алғыс айту күнінен бастап қаламызда көптеген қайырымдылық акциялары өткізілді.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу аясында Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан әйелдерге құрмет көрсетілді.

Наурыз мейрамын өткізу ол Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұсынған «Наурыз шуағы» мейрамын тойлауға арналған тұжырымдамасына сәйкес жасалды.

**Сәуір айы** – «Ғылым және технология» тақырыбына арналды. Қалалық жастар ресурстық орта-

лығының ұйымдастыруымен дебаттан қала әкімінің кубогы өтеді. Қала оқу орындарында ғылыми жоба конкурстары ұйымдастырылады. «Жастардың техникалық шығармашылығы – 2021» атты робототехника бойынша қала мектептерінде жарыстар өткізіліп, жеңімпаздары облыстық жарыстарға жолдама алды.

**Мамыр айы** – «Ұлттық бірлік, бейбітшілік пен тұрақтылық» тақырыбында өтті.

Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған «Ұлысқа ортақ үй – Қазақстан», Отан қорғаушылар мерекесіне «Менің Отаным – Қазақстан», Ұлы Женіс мерекесіне арналған «Желбіре, Женіс жалауы» атты мерекелік іс-шаралары ұйымдастырылды. Мамыр айының мерекесіне арналған қаламызда 50-ден астам іс-шара өткізілді.

Қала әкімінің қатысуымен саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар өткізу жоспары тағы бар.

**Маусым** – «Патриотизм» айы. Бұл ай – қала жұртшылығы үшін өте маңызды және тарихи ай. Көптен күткен «Жошы-хан» тарихи-мәдени комплексінің ашылуы жоспарланған.

Мемлекеттік мерекелер: балалар күні және мемлекеттік рәміздер күні тәрбиелік, патриоттық рухта ұйымдастырылатын болады. Бөлек іс-шаралар жоспары әзірленеді. Атап айтсақ, «Ұлттық патриотизм рухы» жастар арасында флэшмобын ұйымдастыру жоспарланған. Бұл акцияларға қала жастары да белсенді қатысады.

**Шілде айы** – «Астана күні. Нұр-Сұлтан табыс пен өркендеудің символы» тақырыбында өтеді. Ай жалпыұлттық домбыра күнін мерекелеумен басталады. Одан әрі қарай 6 шілде Астана күнін мерекелеумен жалғасады. Астана күні қарсаңында Алашхан 34І мекенжайындағы 5 қабатты 30 пәтерлік үйдің кілтін беру жоспарланған.

**Тамыз** – «Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері. Құқық үстемдігі және азаматтық қоғам» тақырыбында.

«Абай тағылымы» және «Руханият» аллеясының ашылуы жоспарланған. «С және Жест» ЖШС кәсіпкерлері «Жезқазған құрылыс материалдары зауытын ашу» жоспарланған.

Тамыз айында қала көркіне заманауи сән беретін бірнеше муралдар салынатын болады. 70 балалар ойнайтын алаңдар да тамыз айында аяқталуы жоспарланған.

Тамыз айының соңы дәстүрлі тамыз конференциясымен және Қазақстан Республикасының Конституция күнімен аяқталады.

Мемлекеттік мереке қарсаңында қаламыздағы Байқоңыров көшесіндегі 18 пәтерлі 28А үй кредиттік тұрғын үйлердің кілті табысталады.

**Қыркүйек** – «Білім» айы. Қаламыздың барлық оқу орындарында білім күнін мерекелеумен бастау алады. «Білім беру саласында 30 стартап» жобасын іске қосу бойынша барлық мектептерде өтеді.

С. Қожамқұловтың 125 жылдығына арналған Жанат Хаджиев атындағы Халықаралық театрлар фестивалін өткізу жоспарланған. Бұл облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен жылда біздің қалада өтеді.

«Ұлытау үні» аймақтық халық шығармашылығы және көркемөнерпаздар фестивалінің 30 жылдығы, республикалық ақындар айтысы өтеді.

«Туған жерге туынды тік» жерлестер форумы жоспарланған.

**Қазан** – «Ауылды қайта түлету» айы бойынша ауылдарымызда нақты іс-шаралар жоспарланбаған. 1 қазан Қарттар күні атап өтіледі. Ауыл еңбеккерлеріне арналған «Еңбек адамы» сериясынан бағдарламалар, мақалалар, сұхбаттар топтамасын бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желіде жарияланады.

**Қараша** – «Цифрлық экономика. Индустриалды-инновациялық даму» тақырыбында.

Жастар кәсіпкерлігін қолдауға Жезқазған қаласы әкімінің гранттарының жеңімпаздарын анықталынып гранттар табыс етіледі. Быыл жергілікті бюджеттен 10 млн теңге қарастырылып отыр.

Келесі ашылатын жаңа нысандар қаламыздың экономикасын әртарапандыру арқылы дамытуға, индустриялық қуатын арттыруға бағытталған. Олар – Жезқазған құрылыс материалдар зауыты, өнеркәсіптік реагенттер химия зауыты, қара мыс концентраттарын гидрметаллургиялық өңдеу бойынша тәжірибелік зауыты.

Қараша айында «Мен – жас қазақстандықпын!» жастардың патриоттық форумы өтеді.

**Желтоқсан айы** – «Орындалған арман – Тәуелсіздік. Қазақстан жолы» тақырыбында. Қаламыздың барлық оқу ұйымдарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығайтудағы ролі туралы жалпыұлттық ашық сабақтар ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған қазақстандықтарды «Елді құттықта!» құттықтаулары мен тілектерімен онлайн флэшмобы ұйымдастырылады.

Жезқазған қаласында бассейні бар 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, қала тұрғындары игілігіне тапсырылады. Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде ХХІ Халықаралық Байқоңыров оқуларын ұйымдастырылады.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында бірнеше үйдің кілті табысталағын болады.

Және негізгі қалалық іс-шара қала әкімінің қатысуымен Қазақстан әр өңірге өзіндік үлес қосқан азаматтарын мемлекеттік наградалармен, мерейтойлық медальдармен марапаттау және құрмет көрсету бойынша салтанатты жиын өтеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу барысында ұйымдастырылатын іс-шаралардың барлығы кеңінен ақпараттық сүйемелденіп, әлеуметтік желіге де жарияланып тұрады.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығын мерекелеу барысына кеңінен апараттық қолдау көрсетілетін болады. Бүгінгі күні «Дидар» телеарнасында «Тәуелсіздік – алтын тұғырым» атты бағдарлама өз бастауын алды. 4 бағдарлама телеарна арқылы көрсетілді. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» сюжеттер циклі жарық көрді. «Сарыарқа» газетінде «Тәуелсіздік жылнамасы» атты айдар, «Жезказғанский вестник» газетінде «Летопись Независимости Казахстана» айдарлары ашылды.

**Мереке МЫРЗАБЕКОВА, Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы**

## ТАҒЫМ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Шара барысында Сүтмен Бүкіровтің туғанына 100 жыл толуына орай оның «Жезқазғаным менің», «Біздің Қаныш Имантайұлы Сәтбаев» атты еңбектері кітап болып шығып, оқырмандар назарына ұсынылды. Сондай-ақ аталған жиында өлкетанушы туралы жазылған «Сүтмен Бүкіров: ғылыми-танымдық және публицистикалық еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші» кітабының презентациясы таныстырылды. Аталған көрмеде сөз алған қонақтардың бірі Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі Бекзат Алтынбеков өлке тарихын зерттеуде ерінбей еңбек етіп жүрген Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени қорық-музейінің басшысы Бақтияр Қожахметовке «Үздік өлкетанушы» медалін табыстады. Аталған медальға біздің аймақтан Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің



## ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ, ХАЛҚЫНА ҚАДІРЛІ

директоры Раушан Қапарова да ұсынылып отыр.

Шара одан әрі түстен кейін ұйымдастырылған «Бүкіров оқулары» аясында ұйымдастырылған «Өлкетану – Отан тарихының бастауы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясымен жалғасты.

«Қазақмыс» корпорациясының конференц-залында өткен жиынға еліміздің түрлі өңірлерінен «ZOOM» платформасы арқылы да тарихшы ғалымдар қатысты. Ғылыми конференцияда сөз алған Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров, Сәтбаев қаласының әкімі Аскар Ыдырысов, Ұлытау ауданының әкімі Советбек Медебаев және онлайн форматта Астана мемлекеттік хабаның төрағасы Әліхан Байменов пен Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы Сүтмен Бүкіровтің туған-туыстары мен жиын қонақтарына құттықтау лебіздерін білдірді.

Аталған конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Павлодар, Қызылорда,

Ақтөбе, Қарағанды облыстарынан ғылыми мақалалар келіп түскен. Үздік деп танылған материалдар секция залында көпшілік назарына ұсынылып, жинаққа енгізілді.

Сүтмен Бүкіровтің есімін ұмыт қалдырмай, әрдайым талмай ізденіс үстінде жүретіндер ішінде інісі, Қазақстанның Құрметті металургі, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровтің есімін айрықша атағанымыз жөн.

– Бүгін көкем туралы қаншама жылы сөздер айтылып, ұрпағына ізгі тілектер арналды. Бұл біз секілді бір қаннан тараған жақын туыстарымыз көңіліміз көкке семіртп, бір марқайтып тастайтыны рас. Осы тұста 100 жылдық мерейтой қарсаңында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырған қала әкімдігіне, архив басшылығына зор алғысымды білдіремін. Біз қазақ халқы, азаматын ардақтан, еліне еңбегі сінген ерлерін естен шығармаған жұртпыз. Мен

бүгінгі қуанышта Сүтмен Бүкіров сынды ұлтына аса жанашыр, білімді де көреген ұрпақ легі тоқтамасын, қазақ елі мәңгі жасай берсін деген тілегімді білдіргім келеді, – деген Төлеген Нұрмағанбетұлы конференция барысында Сүтмен Бүкіровтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған аймақтық оқушылар мен жасөспірімдердің «Жас өлкетанушы» ғылыми жұмыстар байқауының жеңімпаздарына арнайы грамоталар мен 30 000, 50 000, 100 000 теңге көлеміндегі сертификаттарды табыс етті.

Конференция соңында Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің басшысы Дәметкен Орынбасарова конференция қаулысымен таныстырып, үздік ғылыми мақалалар авторларын Алғыс хаттар және дипломдармен марапаттады. Шара соңында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров алдағы уақытта Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне Сүтмен Бүкіровтің есімін беру туралы ұсыныс қаралатынын жеткізді.

**Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КҮЗДЕ – ХАЛЫҚ САНАҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

## СҰРАҚТАР АЯСЫ КЕҢДІ

2021 жылдың ұлттық санағын жүргізу кезінде Қазақстан азаматтарына барлығы 87 сұрақ қойылды. Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, санақ парақтарындағы сұрақтар тізбесі айтарлықтай ұлғайтылған.

Мұнда барлығы 67 сұрақ және оған қосымша 20 нақтылаушы сұрақтар кірістірілген. Сұрақтардың аясын кеңейтуге Еуропалық санақшылардың 2020 жылғы тұрғын үй қорын және тұрғындар санағын жүргізу жөніндегі ұсыныстары мен ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеттің әдістемелік материалдары негіз болды.

Сауалнама 73 сұрақ аясында жүргізілген 2009 жылдың ұлттық санағынан ерекшелігі, 2021 жылдың санағында көші-қон, еңбекпен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл білуі бойынша сұрақтар аясы кеңейтілген. Сондай-ақ БҰҰ-ның мүдделі статистикасы жөніндегі Вашингтон тобымен ұсынылған жаңа сұрақтар қосылды, мұнда мүдделі критерийлерін ескеріп, денсаулық сақтау статистикасы аясында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ету көзделген.

## АЛҒАШ РЕТ ОНЛАЙН ҚАТЫСА АЛАДЫ

Ұлттық статистика бюросы хабарлағандай, 2021 жылдың Ұлттық санағын 1 қыркүйектен 15 қазанға дейінгі аралықта [snaq.gov.kz](http://snaq.gov.kz) арнайы сайтында онлайн режимде респонденттердің өздерінің толтыруы арқылы жүргізу жоспарлануда.

Жүйе тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді болады. Респондент санаққа қатысу үшін өзіне ыңғайлы кез келген уақытты таңдай алады, сондай-ақ, сайтта бланкты толтыруды тоқтату және оны тоқтыруды кейін қайта жалғастыру мүмкіндігі болады. Сонымен қатар [egov.kz](http://egov.kz) электронды үкімет платформасында [snaq.gov.kz](http://snaq.gov.kz) сайтының қосымша парағы орналастырылады, бұл арқылы электронды цифрлы қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолданып, санаққа қатысуға болады. Мобильді азаматтар үшін «Aitu» мобильді қосымшасы арқылы Ұлттық санаққа қатысу мүмкіндігі ұсынылатын болады.

## CALL-ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

2021 жылдың Ұлттық санағы кезінде 1446 бірыңғай call-орталығы жұмыс істейді.

1446 – елдің барлық аумағындағы мобильді және стационар телефондар үшін бірыңғай нөмір болады. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс істейді. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін.

Респондент call-орталыққа 1446 нөмірі бойынша қоңырау шалған кезде кейбір айқын сұрақтар бойынша Бюронның аймақтардағы және Орталық аппараттағы сәйкесті телефон нөмірлеріне автоматты түрде қоулар жүргізіледі. Сонымен қатар респонденттер кез келген арыз-сауалмен немесе кеңес алу үшін Бюронның <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсына, Бюро басшысының блогына, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы (YouTube, Facebook, Instagram, Telegram) жүгіне алады.

## 32 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ТАРТЫЛАДЫ

Ұлттық статистика бюросы хабарлағандай, уақытша жұмысқа келесі талаптарға сәйкес келетін Қазақстан азаматтары тартылады: табы 18-ден жоғары, бастамашыл, жауапты, тез тіл табысатын, компьютермен жұмыс істей алатын, жұмыс өтіліне және кәсіби біліміне талаптар қойылмайды.

Қазіргі уақытта 17 аймақтан жалпы саны 85 адамнан тұратын ұлттық санақты дайындау және өткізу жөніндегі штабтан тыс бөлімдер құрылды. Барлық қызметкермен еңбек келісімшарты жасалды, дәрежелеріне байланысты 65-105 мың теңге аралығында айлық еңбекақы белгіленді. Бұл бөлімдер өз аймақтары бойынша санаққа дайындық және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде, уәкілдердің, нұсқаушы-бақылаушылардың және интервьюерлердің жұмыстарын бақылауда.

Санақты дайындау және өткізу үшін аудан орталықтарындағы және ауылдық округтердегі статистиканың аумақтық бөлімшелерінде ұлттық санақты дайындау және өткізу бойынша 997 нұсқаушы (уәкілдер) жұмысқа тартылады. Уәкілдердің еңбекақысы 85 477 теңгені құрайды, сондай-ақ айлықтың 10% мөлшерінде жалақыға үстеме қарастырылған.

Нұсқаушылардың міндетіне дайындық іс-шараларын өткізу кіреді: санақтың жүргізілуін БАҚ-та жариялауды ұйымдастыру; санақ қызметкерлерін таңдау, оларды оқыту және үйлестіру бойынша ұйымдастыру жұмыстары; санақтық аудандастыруды (тіркеу, нұсқаушылық және есептік учаскелерге бөлу) құруды қамтамасыз ету; тұрғындар санағын өткізуге қатысу.

Мәліметтер жинау бойынша тікелей жұмыс үшін уақытша 32 313 санақ қызметкерлері: нұсқаушы-бақылаушылар және интервьюерлер тартылатын болады. Интервьюерлермен және нұсқаушы-бақылаушылармен ақылы қызмет көрсету бойынша келісімшарттар жасалады. Интервьюерлердің 1-ші және 2-ші кезеңнің жұмысына ақы төлеу толық көлемде қызмет көрсетілген жағдайда 30 күнге 83-104 мың теңгені құрайды. 1-ші және 2-ші кезеңнің нұсқаушы-бақылаушыларына толық көлемде көрсетілген қызмет үшін 45 күнге 125 014 теңге төлеу жоспарлануда.

«Egemen Qazaqstan»

## COVID-19

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

**Жауап:** Hayat-Vax (SARS-CoV-2, Vero Cell) вакцинасы – бұл белсенділігі жойылған коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Рас-Аль-Хайма қаласындағы «Жұлпар» фармацевтикалық өндірісінде шығарылған.

Hayat Vax вакцинасын БАӘ Денсаулық сақтау және алдын алу министрлігі 2020 жылдың 9 желтоқсанында тіркеді, содан кейін Қытайда 2020 жылы 30 желтоқсанда тіркеді.

Бүгінгі күні Қытайдан басқа вакцина БАӘ-де өндіруге мақұлданды.

Арнайы мәліметтерге сай әлемнің 34 мемлекетіне бұл вакцинаның 50 миллионнан астам дозасы қолдануға жіберілген.

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

**Жауап:** Hayat Vax – вакцинасын жасау үшін байырғы, бірақ дәлелденген белсенділігі жойылған вакцина жасау технологиясы қолданылды. Осы технологияның көмегімен вирус организмде қорғаныс антиденелерін түзу қабілетін сақтай отырып жойылады.

# НАУАТ VAX ҚАНДАЙ ВАКЦИНА?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша инактивацияланған вакциналардағы адьюванттардың зиянсыз екендігі дәлелденді. Адьюванттар – инактивті вакцинаның құрамындағы қосалқы заттар ретінде олар иммундық жүйені ынталандырады және организмдегі иммунитеттің ұзақтығына ықпал етеді.

Hayat Vax вакцинасында консерванттар жоқ. Вакцина бір дозалық құтыда қолжетімді.

Hayat Vax Синофарм вакцинасының негізінде жасалынғандықтан барлық сипаттамасы вакцинасына сәйкес келеді, ал ол вакцина сынаудың үшінші кезеңі Аргентина, Бахрейн, Египет, Марокко, Пәкістан, Перу және Біріккен Араб Әмірліктерінде (БАӘ) өткізілді, оған 68000 астам адам қатысты.

Иммунизациядан кейінгі жағымсыз көріністер (бұдан әрі – ИКҚК), соның ішінде вакцинациялаудан кейін ауыр аллергиялық реакциялар тіркелмеген.

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫ ТИІМДІ МЕ?

**Жауап:** Қазіргі күні бұл вакцинаның бүкіл әлемде 10 миллионнан астам дозасы қолданылған және ешқандай жағымсыз жағдайлар тіркелмеген. Қолжетімді және аралық нәтижелерге сүйене отырып дәлелденген мәліметтер: COVID-19 инфекциясына қарсы тиімділігі 79,3%;

Аурудың орташа және ауыр жағдайларының алдын алуда тиімділігі 100%.

### ВАКЦИНА ИММУНДЫҚ ЖАУАПТЫ ҚАЛАЙ ТУДЫРАДЫ?

**Жауап:** Коронавирустық инфекция вирусының белсенділігі жойылып (өлтіріліп), тазартылған бөлшектерін енгізуге жауап ретінде дененің иммундық жүйесі ынталандырылып, ерекше антиденелер түзіледі.

Ал коронавирустық инфекцияның патогенді вирусы ағзаға түскенде, вакцинациядан кейін алдын ала жасалған антиденелер вирустық бе-

локтарға жабысып, оларды блоктайды. Бұл жағдайда вирус денеге зиян келтіре алмайды.

Көптеген адамдарды вакцинациялау ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға ықпал етеді. Неғұрлым көп адамдар вакцинацияланған болса, олардың ауруға шалдығу мүмкіндігі аз болады.

Коронавирус індетінің одан әрі таралуын тұрақтандыру және алдын алу үшін халық арасындағы вакцинациялау 60%-дан кем емес деңгейде тұрақты ұстау керек.

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

**Жауап:** Hayat Vax вакцинасы 18 жастан асқан ересек адамдарға арналған (әсіресе созылмалы ауруларының өршу кезеңі жоқ кезінде егде адамдарға).

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫН КІМГЕ АЛУҒА БОЛМАЙДЫ?

**Жауап:** Вакцинаның кез-келген компонентіне (белсенді және қосымша заттарына) ауыр аллергиялық реакциясы бар адамдар немесе осы вакцинаны алдыңғы дозасын енгізгенде аллергиялық реакциялар болғанда;

Ғылыми зерттеулер вакцинаның келесі топтар үшін қауіпсіз екенін дәлелдегенге дейін вакцина қолдануға кеңес берілмейді:

- жүктілік кезінде,
- бала емізетін аналарға;
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге;

### Вакцина УАҚЫТША ұсынылмайды:

- Бұлшық етке инъекция жасау барысында қан кету қаупіне байланысты температурасы көтерілумен қатар жүретін жедел инфекциялық аурулары бар адамдар. Вакцинациялау сауыққаннан кейін екі-төрт аптадан кейін ұсынылады.
- Ағымдағы уақытта созылмалы ауруларының өршуі байқалған адамдар. Мұндай науқастарға вакцинация тек аурудың ремиссиясы кезінде ұсынылады.

• Жақын арада жүктілікті жоспарлайтын әйелдер. Қазіргі күні вакцинаның 2-ші дозасын алғаннан кейін 2 ай өткеннен соң жүктілікті жоспарлау ұсынылады.

• ПТР-әдісі бойынша Covid-19 оң нәтиже көрсеткен адамдар;

• Жұқпалы ауруы бар адамдармен, оның ішінде Covid-19-мен қарым-қатынаста болған адамдар

Жұқпалы аурулармен қарым-қатынаста болған адамдарға вакцинациялау карантин мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылады.

Коронавирустық инфекцияны жұқтырғандарға сауыққаннан кейін 6 айдан кейін вакцина егу ұсынылады.

Вакцинациялау барысында аса сақтықты талап ететін топтар: қан ауруының болуы (тромбоциттердің төмендеуі немесе қан ұюының бұзылуы) және иммунитет тапшылығы аурулары (иммундық қорғанысты басып ем қабылдағанда, вакцинациялауды емдеу аяқталғанға дейін кейінге қалдыру ҰСЫНБЫЛАДЫ;

- үдемелі жүйке аурулары.

Вакцинациядан кейін ықтимал мүмкіншілігі бар иммундаудан кейінгі жағымсыз көріністер:

- инъекция орнында ауырсыну сезімінің болуы;
- инъекция орнында қызару, аздап ісінуі;
- дене қызуының көтерілуі, аздап бас ауруы;
- өте сирек – жүрек айну және құсу, іш өтуі; бас айналуы, тез шаршағыштық, бұлшықет ауруы, артралгия, ұйқышылық,
- инъекция орнында тері бөртпесі; инъекция орнының қышуы.

Бұл көріністердің ұзақтығы, әдетте, үш күннен аспайды және арнайы емдеу қажет етпейді! Hayat-Vax вакцинасымен байланысты жағымсыз реакциялар тіркелмеген

Hayat-Vax вакцинациясының толық курсы 2-4 апта интервалы бар 2 дозадан тұрады. Вакцина 0,5 мл дозада ыық бұлшық етінің жоғарғы үштен бір бөлігіне енгізіледі.

### НАУАТ VAX ВАКЦИНАСЫН ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТУРАЛЫ

Hayat Vax вакцинасы, басқа инактивацияланған вакциналар сияқты, +2°C -ден +8°C -ге дейінгі температурада сақталады және тасымалданады.

Бұл облыстар мен қалаларға тасымалдауды және таратуды, сондай-ақ медициналық ұйымдарда сақтауды жеңілдетеді.



Инактивті вакциналарды мұздатуға **БОЛМАЙДЫ!**

### Білу маңызды:

Коронавирустық инфекцияларға қарсы вакцина: Адамға COVID-19 жұқтыруы мүмкін емес, өйткені өлтірілген және тазартылған вирус вакцинацияланған адамдардың денесінде көбейе алмайды және иммунитеті әлсіз адамдарда да ауру тудыруы мүмкін емес.

### Вакцинациялаудың алдында:

- дәрігердің (фельдшер) тексеруі;
- вакцинациялау алдында болу ықтималдылығы бар қарсы көрсеткіштерді анықтауға арналған сауалнама, оның ішінде:
- тамақ, дәрілік заттар мен вакцина компоненттеріне аллергиялық реакциялар;
- жедел ауруларды және созылмалы аурулардың өршу кезеңі сәйкес келуін анықтау;
- коронавирустық инфекциялардың қауіпі және коронавирустық инфекцияларға қарсы алдын алуға арналған вакцинациялаудан бас тартудың қауіпі туралы ақпарат береді

### Вакцинациялаудан кейін барлық адамдар:

• медициналық ұйымда (егу бөлмесінің жанында) кемінде 30 минут дәрігердің бақылауында болады;

• жағымсыз көріністер болған жағдайда дәрігерлік жәрдемімен келесу ұсынылады.

### ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- монша, саунаға баруға,
- инъекция орнына жылы және басқа процедура-ларды жүргізу, Бұл асқынуларға әкелуі мүмкін.

Вакциналар – заманауи медицинаның маңызды жетістіктерінің бірі және вакциналардың арқасында бүкіл әлемде вакцинамен басқарылатын инфекциялардың жиілігі мен өлім жағдайлары азайған! Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина егу туралы шешіміңіз тек Қазақстанда ғана емес, жалпы Жер шарында коронавирустық инфекцияны жоюға баға жетпес үлес қосты деп сенеміз!

[www.coronavirus2020.kz](http://www.coronavirus2020.kz)



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

**Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден, не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.**

Мемлекет басшысы мемлекетті тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметшіде болуға тиісті негізгі қасиеттерді атап көрсетті. Бұл – моральдық жоғары жауапкершілік, кәсіптік білім, білімін тәжірибеде қолдана білу, адалдық, ақ ниеттілік, белсенді өміршеңді ұстаным. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезіне білуі және өз елінің патриоты болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің айнасы секілді. Оның ар - ождан- ны биік, әділетті, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаиды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейкесті мәселелерін заң шеңберінде шешуі талап етіледі.

Мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан да көп нәрсе оның кәсіби біліктілігіне, жедел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жауапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланы-

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ҚАТАҢ

қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін мемлекеттік қызметші.

Кез келген мемлекеттің жетістігі мен гүлденуі мемлекеттік қызметшілерінің тиімді және кәсіби қызметіне негізделеді. Осыған байланысты оны жетілдіру мәселелеріне мемлекеттің басшылығы тарапынан ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы жақсарып, сонымен қоса қызметкерлерге қойылатын талаптар да жоғарылап отыр.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға айрықша назар аударылууда. Бұл жағдайда мемлекеттік қызмет жүйесінің дамуы саяси жүйенің, экономиканың, қоғамдық қарым-қатынастардың қалыптасуымен, мемлекеттік басқару жүйесінің онтайландырылуымен тығыз байланысты. Кейбір адамдардың ойынша мемлекеттік қызмет дегеніміз – күніге 8 сағаттық жұмыс қана, ал шындығында мемлекеттік қызмет дегеніміз тәулік бойы міндет пен жауапкершілік. Олай болса, мемлекеттік қызметкер болу – зор құрмет, ол халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір қызметін атқарып тұрғандай, бұл өте жауапты да, қиын және қызықты қызмет екені айтпаса да анық.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы №716 Жарлығына сәйкес 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні болып бекітілді. Бүгін еліміздің алдына қойған мақсаты – озық отыз елдің ортасынан өз орнын табу.

Ұлт жоспарын жүзеге асыру ха-

лықтың әл-ауқатын жоғарылату үрдісінде мемлекеттік қызметшінің рөлі маңызды, өйткені олар мемлекеттік реформалардың бастаушысы болып табылады. Мемлекетпен жүзеге асырылатын шаралар азаматтардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Адам құндылығына қызмет ету қандаша мерейлі екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шеберлік пен біліктілігімізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қиында қиын. Қазіргі жаһандандудың өрелі бәниіне қол созған кезде Тәуелсіз елімізді өркендету жолында есепті еңбек ету – басты мақсатымыз.

Қазіргі таңда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген. Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға арттыруда. Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының қызметкерлері, атап айтатын болсақ, Ардақ Мамбетова, Әмина Кәрібай, Ақмарал Копеева, Саңдұғаш Тұрлыбекова, Гульнара Тыштықбаева, Алия Шонова, Ернар Жолаев – өздерінің қызметтері мен міндеттерін жақсы орындайтын, білетін білікті мамандар.

**Роза ШЕРТАЕВА,**  
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

# АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ ПО ПРОВЕРКЕ ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОДОСНАБЖЕНИЯ» г. ЖЕЗКАЗГАНА ЗА 2020 ГОД

Аудиторской компанией ТОО «Аудит и Консалтинг-АА», государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью №0000021 от 27.12.1999 года выдана комитетом внутреннего государственного аудита Министерства финансов РК, в лице аудитора Курманбаева Б.А. (квалификационное свидетельство аудитора РК №МФ-0001380 от 12.02.2021г.) в соответствии с догово-

вором от 10.03.2021г. №50-юр произведен аудит финансово-хозяйственной деятельности АО «ПТВС» г. Жезказгана за 2020 год.

По заключению аудиторской проверки финансовая отчетность отражает достоверно во всех существенных отношениях финансовое положение общества по состоянию на 31 декабря 2020 года, а также ее финансовые

результаты и движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

Директор АО «ПТВС»  
Гл. бухгалтер

МЫРЗАЛИЕВ А.Ж.  
УСЕНБЕКОВА Г.Е.

Приложение 2  
к приказу Министра финансов Республики Казахстан  
от 28 июня 2017 года № 404

Форма 1

## БУХГАЛТЕРСКИЙ БАЛАНС Отчетный период 2020 г

Индекс: № 1-Б (Баланс).

Периодичность: годовая

Представляют: организации публичного интереса по результатам финансового года

Куда представляется: в депозитарий финансовой отчетности в электронном формате посредством программного обеспечения

Срок представления: ежегодно не позднее 31 августа года, следующего за отчетным

Примечание: пояснение по заполнению отчета приведено в приложении к форме, предназначенной для сбора административных данных «Бухгалтерский баланс».

Наименование организации: АО «Предприятие теплоснабжения», по состоянию на 31 декабря 2020 года

(тыс. тенге)

Активы	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
<b>I. Краткосрочные активы</b>			
Денежные средства и их эквиваленты	010	1 032 410	925 966
Краткосрочные финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости	011	-	-
Краткосрочные финансовые активы, оцениваемые по справедливой стоимости через прочий совокупный доход	012	-	-
Краткосрочные финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли или убытки	013	-	-
Краткосрочные производные финансовые инструменты	014	-	-
Прочие краткосрочные финансовые активы	015	-	-
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	1 292 712	1 807 518
Краткосрочная дебиторская задолженность по аренде	017	-	-
Краткосрочные активы по договорам с покупателями	018	-	-
Текущий подоходный налог	019	83 249	-
Запасы	020	614 288	455 222
Биологические активы	021	-	-
Прочие краткосрочные активы	022	323 877	347 572
<b>Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)</b>	<b>100</b>	<b>3 346 536</b>	<b>3 536 278</b>
Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи	101	-	-
<b>II. Долгосрочные активы</b>			
Долгосрочные финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости	110	-	-
Долгосрочные финансовые активы, оцениваемые по справедливой стоимости через прочий совокупный доход	111	-	-
Долгосрочные финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли или убытки	112	-	-
Долгосрочные производные финансовые инструменты	113	-	-
Инвестиции, учитываемые по первоначальной стоимости	114	-	-
Инвестиции, учитываемые методом долевого участия	115	-	-
Прочие долгосрочные финансовые активы	116	-	-
Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	117	-	-
Долгосрочная дебиторская задолженность по аренде	118	-	-
Долгосрочные активы по договорам с покупателями	119	-	-
Инвестиционное имущество	120	-	-
Основные средства	121	9 448 863	9 439 187
Актив в форме права пользования	122	-	-
Биологические активы	123	-	-
Нематериальные и оценочные активы	124	-	-
Нематериальные активы	125	184	238
Отложенные налоговые активы	126	-	-
Прочие долгосрочные активы	127	1 937 019	597 458
<b>Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)</b>	<b>200</b>	<b>11 386 066</b>	<b>10 036 883</b>
<b>БАЛАНС (строка 100 + строка 101 + строка 200)</b>		<b>14 732 602</b>	<b>13 573 161</b>

Обязательство и капитал	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
<b>III. Краткосрочные обязательства</b>			
Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости	210	-	-
Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по справедливой стоимости через прибыль или убыток	211	-	-
Краткосрочные производные финансовые инструменты	212	-	-
Прочие краткосрочные финансовые обязательства	213	-	-
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	214	2 362 087	2 612 102
Краткосрочные оценочные обязательства	215	2 586	2 475
Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу	216	-	1 180
Вознаграждения работникам	217	79 536	74 679
Краткосрочная задолженность по аренде	218	-	-
Краткосрочные обязательства по договорам покупателями	219	-	-
Государственные субсидии	220	-	-
Дивиденды к оплате	221	-	-
Прочие краткосрочные обязательства	222	145 029	74 130
<b>Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 222)</b>	<b>300</b>	<b>2 589 238</b>	<b>2 764 566</b>
Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи	301	-	-
<b>IV. Долгосрочные обязательства</b>			
Долгосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости	310	-	-
Долгосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по справедливой стоимости через прибыль или убыток	311	-	-
Долгосрочные производные финансовые инструменты	312	-	-
Прочие долгосрочные финансовые обязательства	313	3 151 220	1 500 000
Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	314	-	-
Долгосрочные оценочные обязательства	315	-	-
Отложенные налоговые обязательства	316	1 444 783	1 532 881
Вознаграждения работникам	317	-	-
Долгосрочная задолженность по аренде	318	-	-
Долгосрочные обязательства по договорам с покупателями	319	-	-
Государственные субсидии	320	-	-
Прочие долгосрочные обязательства	321	1 811 969	1 869 295
<b>Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 321)</b>	<b>400</b>	<b>6 407 972</b>	<b>4 902 176</b>
<b>V. Капитал</b>			
Уставный (акционерный) капитал	410	903 917	903 917
Эмиссионный доход	411	-	-
Выкупленные собственные долевые инструменты	412	-	-
Компоненты прочего совокупного дохода	413	2 289 391	2 455 366
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	1 166 757	1 171 809
Прочий капитал	415	1 375 327	1 375 327
<b>Итого капитал, относимый на собственников (сумма строк с 410 по 415)</b>	<b>420</b>	<b>5 735 392</b>	<b>5 906 419</b>
Доля неконтролирующих собственников	421	-	-
<b>Всего капитал (строка 420 + строка 421)</b>	<b>500</b>	<b>5 735 392</b>	<b>5 906 419</b>
<b>БАЛАНС (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)</b>		<b>14 732 602</b>	<b>13 573 161</b>

Директор

Мырзалиев А. Ж.

(фамилия, имя, отчество)

Главный бухгалтер

Усенбекова Г. Е.

(фамилия, имя, отчество)

М.П. 22.04.2021г.

Приложение 3  
к приказу Министра финансов Республики Казахстан  
от 28 июня 2017 года № 404

Форма 2

## ОТЧЕТ О ПРИБЫЛЯХ И УБЫТКАХ Отчетный период 2020 г

Индекс: № 2-ОПУ.

Периодичность: годовая

Представляют: организации публичного интереса по результатам финансового года

Куда представляется: в депозитарий финансовой отчетности в электронном формате посредством программного обеспечения

Срок представления: ежегодно не позднее 31 августа года, следующего за отчетным

Примечание: пояснение по заполнению отчета приведено в приложении к форме, предназначенной для сбора административных данных «Отчет о прибылях и убытках».

Наименование организации: АО «Предприятие теплоснабжения», за год, заканчивающийся 31 декабря 2020 года

(в тыс. тенге)

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	На начало отчетного периода
1	2	3	4
Выручка	010	5 459 935	5 565 842
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	4 821 012	4 359 030
<b>Валовая прибыль (строка 010 – строка 011)</b>	<b>012</b>	<b>638 923</b>	<b>1 206 812</b>
Расходы по реализации	013	184 365	157 774
Административные расходы	014	387 924	301 079
<b>Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 014)</b>	<b>020</b>	<b>66 634</b>	<b>747 959</b>
Финансовые доходы	021	-	-
Финансовые расходы	022	-	-
Доля организации в прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	023	-	-
Прочие доходы	024	232 847	1 024 770
Прочие расходы	025	519 940	582 108
<b>Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)</b>	<b>100</b>	<b>- 220 459</b>	<b>1 190 621</b>
Расходы (-) (доходы (+)) по подоходному налогу	101	(70 173)	184 391
<b>Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 + строка 101)</b>	<b>200</b>	<b>- 150 286</b>	<b>1 006 230</b>
Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности	201	-	-
<b>Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:</b>	<b>300</b>	<b>- 150 286</b>	<b>1 006 230</b>
собственников материнской организации			
долю неконтролирующих собственников			
<b>Прочий совокупный доход, всего (сумма 420 и 440):</b>	<b>400</b>	<b>165 975</b>	<b>165 579</b>
в том числе:			
переоценка долговых финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прочий совокупный доход	410	-	-
доля в прочем совокупном доходе (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	411	-	-
эффект изменения в ставке подоходного налога на отсроченный налог	412	-	-
хеджирование денежных потоков	413	-	-
курсовая разница по инвестициям в зарубежные организации	414	-	-

хеджирование чистых инвестиций в зарубежные операции	415	-	-
прочие компоненты прочего совокупного дохода	416	-	-
корректировка при реклассификации в составе прибыли (убытка)	417	-	-
налоговый эффект компонентов прочего совокупного дохода	418	-	-
<b>Итого прочий совокупный доход, подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 418 по 418)</b>	<b>420</b>		
переоценка основных средств и нематериальных активов	431	165 975	165 579
доля в прочем совокупном доходе (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	432	-	-
актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам	433	-	-
налоговый эффект компонентов прочего совокупного дохода	434	-	-
переоценка долевых финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прочий совокупный доход	435	-	-
<b>Итого прочий совокупный доход не подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 431 по 435)</b>	<b>440</b>	<b>165 975</b>	<b>165 579</b>
<b>Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)</b>	<b>500</b>	<b>15 689</b>	<b>1 171 809</b>
Общий совокупный доход, относимый на:			
собственников материнской организации			
долю неконтролирующих собственников			
<b>Прибыль на акцию</b>	<b>600</b>		
в том числе:			
Базовая прибыль на акцию:			
от продолжающейся деятельности			
от прекращенной деятельности			
Разводненная прибыль на акцию:			
от продолжающейся деятельности			
от прекращенной деятельности			

Директор

Мырзалиев А. Ж.

(фамилия, имя, отчество)

Главный бухгалтер

Усенбекова Г. Е.

(фамилия, имя, отчество)

М.П. 22.04.2021г.



БӨРЕКЕЛДІ!

ҚУЫРШАҚ ТРУППАСЫНДА – ҚОС ҚУАНЫШ

Таяуда С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының қуыршақ труппасы қос қуанышқа кенелді. Труппаның қоюшы-суретшісі, қуыршақтарды қозғалысқа келтірудің шебері Жұмабай Сәрсенов пен актриса Рысқұл Исмайлова Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Жұмабай Сәрсенов 1988 жылы Жезқазған педагогикалық институтын «Сызу, бейнелеу өнері және еңбек» мамандығы бойынша бітіріп, біраз жыл мамандығы бойынша мектепте еңбек етіп, 1992 жылы сол кезде жұмыс істеп тұрған Жезқазған облыстық қуыршақ театрына келеді. Содан бері аттай ширек ғасырға жуық уақыт өтті. Облыс жабылып, труппа ретінде С.Қожамқұлов театры құрамына енген ұжымда Жұмабай сүйікті ісін одан әрі жалғастырады. Жылдар жылжыған сайын оның тәжірибесі де молайып, мамандығының қыр-сырын толық меңгерген кәсіби маманға айналды. Осы жылдар ішінде оның қолына бала ұғымына, психологиясына, олардың қажеттілігіне сай қуыршақ кейіпкерлері мен спектакль атмосферасын тудыратын тартымды декорациялар дүниеге келген екен.

Тәжірибелі суретші балалардың жастайынан әсемдікті, сұлулықты сезінуге деген сезімдерін қалыптастырып, іңкәрлыққа баулу үшін спектакль декорацияларының ашық түсті, қуыршақтардың эстетикалық тұрғыдан әдемі жасалуына көп көңіл бөледі.

Қуыршақ труппасының 2005 жылы «Театр – балалар көзімен» аймақтық фестивалінде – С.Мақұлбековтың «Қанбақ шал» спектаклінің 1 орын, 2007

жылы Ақтау қаласында өткен Халықаралық қуыршақ спектакльдері фестивалінде А.Толстойдың «Буратино» спектаклінің арнайы жүлдеге, 2008 жылы Н.Осинованың «Бір жарым уыс» спектаклінің аймақтық фестивалдің 2 жүлдесіне ие болуына, 2017 жылы Түркістан-Шымкентте өткен «Ортеке» Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде К.Кенжетасовтың «Қанбақ шал» спектаклінің «Көрермендер көзайымы» номинациясына, 2018 жылы Ақтөбедің «Ассалаумағалейкүм» Халықаралық фестивалінде Ү.Молдабергелінің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» спектаклінің фестивалдің арнайы дипломымен марапатталуында қоюшы суретші ретінде Ж.Сәрсеновтың қосқан үлесі мол.

Жұмабай спектакльдердің сахналық қуатын күшейтетін декорациялар, табиғат көріністерін айқын да айшықты бояулармен көркем бейнелеуге, қуыршақтардың костюмдерін кейіпкер болмысын танытарлықтай етіп ойластыруға ерекше мән береді. Мұның өзінше кішкентай көрермендердің спектакль декорациясының өзгеруіне сай оқиганың қай жерде өтетінін бірінен аңғарып, қойылым оқиғасына қызу қатысып отыруына мүмкіндік туғызады.

Балалардың қызығушылығын арттыру үшін талмай ізденетін ол

С.Козловтың «Снежный цветок», Н.Смирновтың «Кіріпайдың тоны» сияқты соңғы жаңа спектакльдердің қуыршақтары мен декорациясын заманауи талаптарға сай дайындап шығарды. Спектакль декорациясы мен қуыршақтарының кәсіби тұрғыдан безендірілуі кішкентай көрермендер көңілінен шықты. Еңбегі де жеміссіз емес. 2010 жылы Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының «Жыл суретшісі» номинациясына ие болып, 2013 жылы Жезқазған мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Құрмет грамотасы, 2016 жылы Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталыпты. Енді оның қатарына «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі қосылды.

Ал Рысқұл Бақытқызы Исмайлова қуыршақ труппасына 2003 жылы келді. Осы уақыт ішінде тәжірибе жинақтап, өз қолымен қалыптастырған Рысқұл Бақытқызы қазір репертуардағы барлық дерлік спектакльдерде орысша-қазақша екі тілде ойнайды. Актрисаның қуыршақты ойнау тәсілдерін меңгеруі шаршамай ізденетін еңбекқорлығының көрінісі болса, сабыдан бастап, кемпірдің дауысына дейін айныпай келтіретін табиғи дарына сақнаға талай тамаша бейнелерді тудыруға мүмкіндік берді. Рысқұлдың кейіпкер бейнесін берудегі



дауыс ырғағы, қуыршақтарды түрлі әрекет-қимылға түсіруі шынайы шығармашылық қабілеті, ол кейіпкерлермен бірге тұтасып кететіндей әсер қалдырады. Әсіресе, ол ойнаған А.Толстойдың «Буратиносындағы» – Буратино, Н.Осинованың «Бір жарым уысындағы» – қозының, С.Михалковтың «Үш торайындағы» – Наф-нафтың, В.Супониннің «Сотқар ешкісіндегі» – ешкінің, С.Мақұлбековтың «Қанбақ шалындағы» – түлкінің, И.Бекмаханұлының «Алдар көкесінде» – кемпір, Н.Смирновтың «Кіріпайдың тонындағы» – түлкінің және т.б. кейіпкерлерінің әрқайсысының өзіне тән мінез-кейіптерін бала ұғымына сай нанымды бере алуымен ерекшеленді. Осындай еңбектің нәтижесінде қуыршақ труппасының нағыз шеберіне айналды. 2012 жылы – Жезқазған қаласы әкімінің «Жыл әртісі» но-

минациясы, дипломы мен сыйақысына ие болған Рысқұл кейіпкері Қарағанды Театр қайраткерлері одағының Құрмет грамотасымен марапатталып, 2020 жылы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының дипломы мен сыйақысы иеленді. Енді, міне, «Мәдениет саласының үздігі» атанып отыр.

Сахна өнерінің ерекше түрі, қоғам мен адам өміріндегі орны бөлек саласы қуыршақ өнеріне бар өмірлерін арнап, тынымсыз еңбектеніп жүрген Жұмабай мен Рысқұлдың алар асу, шығар белестері бұдан да биік болары даусыз.

Ұмғай Молдабергелен, С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі



Сурет өнерінің сиқырын елемейтін адам кемде кем шығар. Бейнелеудің бейнетін қаншалықты екенін іштей сезгенімізбен еңбегінің бағалануы бала кезден басталса керек. Зер салып қарасақ, қай суретшінің болсын шығармалары көрген адамды бей-жай қал-

дырмасы анық. Олардың тағдыр жолы сан тараудан құралады. Суретші Қайрат Мұхамеджанның туындыларының негізгі тақырыбы – тарихи дүниелерді мүсіндеу. Ол – 2000 жылы қаламызда орнатылған «Ауған жауынгерлеріне» арналған мемориал және

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Жезқазған қаласының Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашылары «Келбет зәуапсы» аясында «Қылқалам шебері» атты сурет көрмесін, шеберлік сазатын өткізді. Бұл іс-шара өлкемізге танымал дизайнер, суретші, мүсінші, Ә.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Дизайн, бейнелеу, өнері және Технология» кафедрасының меңгерушісі, доцент, ҚҰА академикі Қайрат Есмахауылы Мұхамеджанның мерейлі 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылды.

2009 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Нұраталды совхозының маңында орналасқан «Ата жұрт» сәулет ескерткішінің және Сәтбаев қаласындағы Қ.Сәтбаев ескерткішінің авторы.

Автордың жұмыстары қойылған арнайы көрме арқылы кітапханашылар дизайнердің көп қырлы тұлғасын, мүсін өнері және дизайн саласындағы жұмыстарын және оларды орындаудағы ерекше техникасын оқырмандарға таныстыра отырып, шебердің

шығармаларына деген сезімдерін білдірді. Қайрат Есмахауылымен сұхбат жүргізіп, оның өмірі, жұмысы және алдағы шығармашылық жоспарлары жайлы біліп қайтты. Бұл ақпараттар алдағы уақытта кітапхананың сайттарында жарияланып, оқырмандарға таныстырылатын болады.

Галия МАҒЗУМОВА, Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

Advertisement for 'Ashyq' app. Title: «Ashyq» қосымшасындағы мәртебеңізді қалай тексеруге болады? Content: МӘРТЕБЕЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ: Жасыл: келушіде 72 сағаттан аспайтын уақытта алынған теріс нәтижесі бар ПТР тест болу керек, яғни бұл шектеусіз өмір-өмір жүруге болады деген сөз. Сары: байланыста болған адамдарға берілетін мәртебе. Оларға азық-түлік алуға немесе үйдің жаңындағы дерлік баруға рұқсат етілгенімен, басқа қоғамдық орындарға баруға тыйым салынады. Көк: ПТР сынағы қажет жерлерден басқа барлық жерде еркін жүруге болатынын білдіреді. Қызыл: мәртебе ПТР-тест тапсырып, коронавирус анықталған адамға беріледі. Мұндай мәртебе иелері үйде оқшаулану тәртібін қатаң сақтау қажет. Source: https://t.me/ashyqkz

Advertisement for 'Ashyq' app. Title: «Ashyq» қосымшасындағы мәртебеңізді қалай тексеруге болады? Content: КИНО, КАФЕ, МЕЙРАМХАНА, ФИТНЕС-ОРТАЛЫҒЫНА БАРҒЫНЫЗ КЕЛЕДІ, АЛ СІЗ МӘРТЕБЕҢІЗДІҢ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН БІЛМЕЙСІЗ. Мәртебеңізді қалай білуге болатындығы туралы қарапайым нұсқаулық. Смартфонға «Ashyq» қосымшасын орнату арқылы: 01 қадам «Ashyq» қосымшасын жүктеп алыңыз. 02 қадам «Ashyq» қосымшасын ашыңыз. 03 қадам Тіркелуден өтіп, өзін-өзіңіз ЖСН енгізіңіз. 04 қадам Смартфон камерасын QR кодын апарыңыз. 05 қадам Мәртебеңізді алу үшін QR коды сканерлеңіз. Ескерту: осылайша сіз қоғамдық орындарға барған кезде, сондай-ақ Ashyq.kz сайтынан мәртебеңізді тексере аласыз. Source: https://t.me/ashyqkz

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

ҰЛТТЫҢ БАСТЫ НЕГІЗІ

Тіл – ұлттың басты негізі. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап, босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана.

Сонымен қатар, менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анандан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – біріміз үшін мақтаныш. Бұл – біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатының, дана ойларының жемісі. Елімізді жарқын болашаққа жетелейтін, халық мүддесін ғана ойлайтын Елбасының арқасында біз, қазақ елі – мәңгілік ел болып қала береміз. Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі, – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек.

Қазіргі таңда Елбасымыз үш тіл білуді міндеттеп отыр. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Олай болса, егер адам өзге тілді білетін болса, ол – рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымды кеңейтеді. Дегенмен, «Өзге тілді бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ. Мырзаліев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуіміз қажет.

Жоғарыда айтып кеткендей, тіл – ұлттың жаны. Ал, ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереннен толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Қорыта келгенде, тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Ақын-жазушыларымыз жырлаған тіл – қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек!

Кәусар БЕЙСЕМБАЕВА Қарағанды қаласы

Advertisement for '30 Years of Independence' (30 жыл Тәуелсіздік жылнамасы). Title: 30 жыл Тәуелсіздік жылнамасы. Content: 2008 жыл: 24 қаңтарда Жезқазғанда өткізілген «Бизнесіңің әлеуметтік жауапкершілігі» атты республикалық форум жұмысына Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты. 19 наурызда С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында XVIII аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі ашылды. 7 маусым күні Жезқазған байыту фабрикасының «Дружба» демалыс аймағында «Медные струны Жезқазғана» атты I республикалық бард әндерінің фестиваль-конкурсы өтті. Тамыз айында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйғарымы бойынша Жезқазған мешітіне Ахмет ишан Оразайұлы есімі берілді. 23 қазан күні Қазақстан мыс өндірісінің қарашанырағы – Қарсақбай атырабы өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтті. №10 орта мектепте балалар мен жасөспірімдерге арналған «Мұрагер» мәдени-сауықтыру орталығы ашылды. Қарағанды облысының әкімі Н.Нығматулиннің өкімі бойынша Жезқазған қаласының әкімі болып бұған дейін Сәтбаев қаласының әкімі қызметін атқарып келген Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов тағайындалды. Жезқазған қаласының әкімі Қ.Балмағамбетовтың ұсынсымен жексенбі күндері мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында қала мектептерінде «Көңілді жексенбі» мәдени-сауықтыру орталықтары ашылып, жұмыс жүргізе бастады. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, 1969 жылдан 2007 жылға дейін Жезқазған қаласының мемлекеттік бас санитар дәрігері, жоғары категориялы дәрігер Танаатар Балабайұлы Жанаевты еске қалдыру мақсатында өзі көп жыл қызмет жасаған мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық департаментінің Жезқазған қаласы бойынша басқармасы ғимаратының қабырғасына ескерткіш-тақта қойылды. Алматыдағы «Эвро» баспасынан «Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары» атты кітап жарыққа шықты. «Нұрсұлтан-ай» ансамблі Испанияның Салоу қаласында өткен сегізінші бүкіләлемдік конкур-фестивальде бас жүлдені жеңіп алды. «Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен «Жезқазған өңірінің қолданбалы өнер шеберлері» атты фотоальбом жарыққа шықты. Қазақстан Журналистер одағының Саттар Ерубаев атындағы сыйлығының лауреаты, Кенесары хан атындағы республикалық сыйлықтың иегері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, Жезқазған аймағының тарихын зерттеуші, белгілі өлкетанушы Қуаныш Ахметов дүниеден озды. «Қазақмыс» корпорациясына қарасты таэквондо орталығының 45 тәрбиеленушісі Қарағанды қаласында таэквондодан балалар арасында өткен «Олимпийская надежда» ашық біріншілігіне қатысып, 10 алтын, 7 күміс, 14 қоланы қанжығаларына байлап, жалпыкомандалық есеп бойынша жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. 2009 жыл: Қаңтарда Астанада өткен алқалы жиында Елбасы бизнесіңің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық «Парыз» байқауының қорытындысын шығарып, Бас жүлдені «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС Президенті В.Кимге табыс етті. Сәуір айында Жезқазған қалалық мәслихатының XXXVI сессиясы қалалық ономастикалық комиссияның ұсынсы бойынша қаланың солтүстік батыс ауданында жаңадан салынып жатқан жетінші ықшамауданның бір көшесіне еліміздің азаттығы жолында тер төккен Тілеулі батыр Әбдірахманұлының есімі берілді. Мамыр айында Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен аймағымыздағы ардагер ұстаздарымыз I сәлеті өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 22 шілдедегі №353 бұйрығы бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің 9-сыныптарында «Дінтану негіздері» атты факультативтік сабағы енгізілетін болды. Жаңа оқу жылында орта арнаулы оқу орны «Жезқазған бизнес және кәсіп колледжі» жаңадан шаңырақ көтеріп, алғашқы қонырау салтанатын өткізді. Қыркүйектің 24 жұлдызында Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, аймақ өндірісінің көрнекті басшысы В.Гурбанов 95 жылдық мерейтойын атап өтті. 1964 жылы салынып пайдалануға берілген қаламыздағы бұрынғы спорт сарайын «Қазақмыс» корпорациясы күрделі жөндеуден өткізіп, қалаға сыйға тартты. «Қазақмыс» корпорациясының Нұрқазған кенішінде жаңа кен байыту фабрикасы іске қосылды. №4 орта мектепте «Дружба», №8 қазақ гимназиясында «Мұрагер», №13 орта мектепте «Жас өркен», №21 орта мектепте «Шамшырақ», №133 негізгі мектепте «Атамекен» атты дарынды, талантты оқушылардың білім көкжиегін кеңейтер, қызығушылығын арттыру бірнеше бағыттағы үйірмелер шоғырланған сауықтыру орталықтары ашылды. Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві